

A KÁN ÉS A VEZÍR

Altajisztikai Tankönyvtár 1.

Szerkesztők:

Kincses-Nagy Éva

Khabtagaeva Bajarma

SZTE Altajisztikai Tanszék

A kán és a vezír

Kazak népmesék

Válogatta és fordította

Biacsi Mónika – Mukuseva Rausangül

Szeged, 2011

© SZTE, Altajisztikai Tanszék

© A fordítók


All rights reserved. No part of this book may be reproduced, stored in a retrieval system, or transmitted in any form or by other means, electronic, mechanical, photocopying, recording or otherwise, without the prior permission in writing of the author or the publisher.

Printed by: FVTeam Nyomda, Szeged

ISBN: 978-963-306-112-1

ISSN: 2062-9036

*Хан қасында уәзір білгіш болса,
Қара жерден кеме жүргізеді.*



*Ha kán mellett tudós a vezír,
Szárazföldön is hajót vezet.*

АЛҒЫСӨЗ

Қазақ ертегілерімен мажар оқырманы алғаш рет 1949 жылы қауышыпты. Қазақтың жеті ертегісін Бела Балаж Қазақстан Ғылым Академиясының қолжазба қорынан алып, қазақшадан мажаршаға аударады. «*A fakó lovacska*» деп аталған бұл жинақ («Дудар қыз» және басқа алты ертегі) 1958 жылы Ласло Герреб орыс тілінен аударған қазақ ертегілерімен толықтырылып, қайтадан басылады. Қазақ халық ертегілерінің екінші аударма кітабы «*A láthatatlan tolvaj*» («Тазша бала») 1988 жылы мажар ақыны Ференц Буданың аудармасында жарық көреді.

Сегед университетінің Алтаистика кафедрасында 1998 жылдан бері қазақ тілі оқытылып келеді. Қазақ тілінің аударма сабақтарында лектор Раушангүл Мұқышева студенттерді 1983 жылы Алматыда басылған «Қанбақ шал» деген қазақ ертегілер жинағымен таныстырып, аударма жасауға баулыды. Нәтижесінде осы ертегілерді екі тілде, қазақ және мажар тілдерінде, басып шығарсақ деген ой келді. «*Хан мен уэзір*» деген атқа ие болған жинаққа Моника Биачи, Каталин Дохар, Ерика Ханс, Патриция Немет аударған және оқытушы Раушангүл Мұқышева өзі тікелей тәржімалаған ертегілер кірді. Жартылай дайын аудармаларды Моника Биачи мен Раушангүл Мұқышева көркемдеп, баспаға дайындады. Олар кітаптың талғампаз оқырманға түсінікті әрі көңілден шығатындай болуы үшін аударма мәтіндердің түпнұсқаға сәйкестігіне мұқият көңіл бөлді. Ертегілер жинағы оқырмандарға ұнап қана қоймай, олардың қазақ тілін үйренулеріне де қажетті көмекші құрал болады деп сенеміз.

Редакторлар

Előszó

A kazak népmesékkal a magyar olvasóközönség 1949-ben találkozott először. Ekkor látott napvilágot *A fakó lovacska* címmel az a válogatás, melyet kazak kéziratokból fordított magyarra Balázs Béla és Geréb László, majd azonos címmel 1958-ban ismét megjelent a válogatás kiegészítve orosz nyelvből fordított mesékkel. Ezt követően 1988-ban jelent meg újabb kötet, mely *A láthatatlan tolvaj* címet kapta. A meséket a költő és műfordító, Buda Ferenc kazak nyelvből ültette át.

A Szegedi Tudományegyetem Altajisztikai Tanszékén 1998 óta folyik kazak nyelvi oktatás anyanyelvi lektorral. Az évek során a fordítási gyakorlat órákon Mukuseva Rausangül kazak lektor irányításával a hallgatók a *Қаңбақ шал* című 1983-ban Almatyban kiadott mesegyűjtemény számos darabjával ismerkedtek meg. Ahogy gyűltek a mesék, megszületett az ötlet, hogy az oktatás megkönnyítése érdekében érdemes lenne az anyagot magyar és kazak kétnyelvű kiadásban is hozzáférhetővé tenni. *A kán és a vezír* című kötetben szereplő mesék nyersfordításait a tanszék egykori hallgatói, Biacsi Mónika, Dohar Katalin, Hancz Erika, Németh Patrícia készítették, továbbá Mukuseva Rausangül két fordítása is bekerült a kötetbe. A félkész anyagot Biacsi Mónika és Mukuseva Rausangül dolgozta át, és rendezte sajtó alá. A munka során a szerkesztők maximálisan ügyeltek a szöveghűsége, emellett arra törekedtek, hogy a mesék érthető és élvezhető olvasmánnyá váljanak. Reményeik szerint a kétnyelvű mesegyűjtemény nemcsak az olvasók tetszését nyeri majd el, hanem gyakorlati segítséget fog nyújtani a kazak nyelv elsajátításában.

A szerkesztők

Торғай мен адам

Өткен заманда бір саятшы тор құрып қойса, торына кішкене бір торғай түсіп қалыпты. Торғайды адам қолына ұстап үйіне апара жатса, торғай тілге келіп былай депті:

– Мен кішкене торғаймын, союға жарамаймын, қапасақ салсаң, құсальқпен өлемін. Мені еркіме қоя бер, кең дүниеге жібер. Ақысына сізге екі ауыз ақыл айтайын, – депті.

– Кәне, ақылыңды айт, – депті адам.

– Жарайды, бір ауызын – қолыңда, бір ауызын – жерге түскен соң айтайын. Өйткені қос қолдап қысып тұрғанда, өкпем қысылып ештеңе айта алмаймын, – депті торғай.

Аңшы босатыпты.

– Бірінші – өткен іске өкінбе; екінші – көзбен көрмей сенбе! – депті. Торғай анадай жерге қонып отырып:

– Сен ештеңені білмедің, менің бөтегемде жұдырықтай гауһар бар еді, – дейді. Адам қонып отырған торғайды ұстауға тұра ұмтылыпты. Торғай әр жерге ұшып-қонып ұстатпайды. Адам қуып қоймаған соң адамға былай дейді:

– Менің жаңа айтқан өсиетіме түсінбепсің, өзің ақылыңа салшы, менің өзім жұдырықтай жоқпын, менің бөтегеме ондай зат қалай сыяды? Бұл – бір. Екінші – мен саған ұстатпаймын, қанатым бар. Сондықтан өткен іске өкінбе, – деп ұшып кетіпті.

A veréb és az ember

Egyszer régen, amikor egy madarász csapdát állított, a csapda egy kis verebet ejtett foglyul. Az ember a kezébe vette a verebet, és hazafelé indult. Egyszer csak a veréb emberi nyelven megszólalt:

– Én egy kicsi veréb vagyok, nem vagyok jó arra, hogy levágjanak; ha kalitkába zársz, bánatomban meghalok. Engedj el, eressz ki a nagyvilágba. Cserébe két tanácsot adok neked.

– Nosza, mondd a tanácsodat – válaszolta a férfi.

– Rendben, az egyik tanácsomat míg a kezekben tartasz úgy mondom el, a másikat pedig miután a földre szálltam. Ugyanis két kezettel összeszorítod a begyem, és nem tudok beszélni – mondta a veréb.

Az ember szabadon engedte a madarat.

– Az első tanács: ne bánd a múltban történeteket; a második: amit nem látsz a saját szemekkel, ne is hidd el – mondta. A veréb távolabb szállva leült, és folytatta:

– Te nem tudtál róla, de a begyemben egy ökölnyi gyémánt van – mondta. Az ember a felszálló madarat röptében el akarta kapni. A madár ide-oda röpködött, és esélyt sem adott a madarásznak arra, hogy elkapja. Mivel az ember nem hagyott fel a kergetésével, a madár a következőt mondta neki:

– Nem fogadtad meg az iménti tanácsaimat. Gondolkodj, én magam sem vagyok ökölnyi méretű, hogy férne el a begyemben egy akkora dolog? Ez az első. A második pedig: te nem tudsz engem megfogni, mivel szárnyam van. Ezért ne bánd a múltban történeteket – mondta, és elrepült.

Қаңбақ шал

*Бар екен де, жоқ екен,
Ертек-ертек ерте екен.
Ешкілері бөрте екен,
Қырғауылы қызыл екен,
Құйрық жүні ұзын екен.*

Бұрын, бұрын, бұрында Қаңбақ шал деген шал болыпты. Мал мен басқа зар болыпты. Кедейліктен шықпапты. Ол ау салып, балық ұстап, тамақ асырапты. Жел соқса, шал домалап жөнеледі екен. Содан оған Қаңбақ шал деп ат қойылған екен.

Күн сайын ауына ілінген екі балығының біреуін бір түлкі әлім-жеттік қып тартып жей береді екен. Түлкінің қорлығына шыдай алмай, шал бір күні екінші жерге көшем деп, дүние-мүлкін арқалап жолға шығыпты. Шаршаған соң оны бір жерге көміп кетіпті; бір жерге елдің сойған малынан жинап алған ішек-қарнын көміп кетіпті; бір жерге қарындағы айранын көміп кетіпті. Жүктің салмағымен Қаңбақ шал ұшып кетпей келеді. Жүктен арылған соң, желмен ұшып, бір жерге түсіпті. Қараса, бір дәу екі тауды біріне-бірін шақпақ қылып, ұрып тұр екен.

Дәу:

– Қайда бара жатқан шалсың? Кел, екеуміз күш сынасайық! – деп, қазандай бір қара тасты көтеріп, аспанға лақтырып жібереді де қайта қағып алып:

– Ал, шал, сен де осылай қақпақыл етші! – дейді.

Шал сасып, қайтерін білмей, тасты құшақтап аспанға бір, тасқа бір қарап, күнімен тұрады.

Сонда дәу:

– Е, неғып тұрсың? Лақтыр! – дейді.

Шал тұрып:

Ördögszekér apó

*Egyszer volt, hol nem volt,
Ez a mese ősidőkre nyúlik vissza,
Akkoriban a kecskék szőrösek voltak,
A fácánok pedig vörösek voltak,
És a farktollaik hosszúak voltak.*

Réges-régen élt egy Ördögszekér apó nevű öregember. Jósággra és egyebekre vágyott, de a szegénységből nem tudott kivergődni. Hálóját kivette halat fogott, így szerezte élelmét. Ha fújta a szél felkapta az öregembert, és görgette magával. Emiatt kapta az Ördögszekér apó nevet.

Minden nap mindössze két hal akadt a hálójába, ebből az egyiket egy róka mindig erővel megszerezte, és megette. Az öregember tovább nem tudta elviselni a róka tetteit, ezért egy nap úgy határozott, hogy elköltözik máshová. Hátára vette minden vagyonát, és útnak indult. Miután elfáradt, a terhét a földbe rejtette. Elásta a falu népe által levágott állatok belsősegeit is, máshová pedig egy tömlő aludtتهjet. Terhének súlya miatt Ördögszekér apó nem tudott a széllal repülni, ezért megszabadult tőle, majd a szél hátára ült, és leereszkedett valahol. Látja ám, hogy ott egy óriás két hegyet ütöget egymáshoz.

– Hová tartasz, öregember? Gyere, mérjük össze az erőnket! – szólította meg az óriás, és felemelt egy üst nagyságú fekete követ, az égre dobta és elkapta. – Rajta öregember, csináld te is utánam! – mondta.

Az öregember összezavarodott, nem tudta, hogy mit tegyen, a követ két kézzel átfogva hol az égre, hol a kőre nézett, naphosszat csak állt ott. Végül az óriás megunt a várakozást:

– Hé, mit állsz ott? Dobjad már! – mondta. Az öregember azonban csak állt tovább.

– Ha az égre dobnám, az ég megfordulna és a földre esne, ha a

– Аспанға лақтырсам, «аспан айналып жерге түседі-ау! – деп, жерге қақпай түсірсем, жер ортасынан ойылып түсе ме?» – деп, қауіп қылып тұрмын! – дейді.

Сонда дәу келіп, шалдың қолынан ұстай алады да:

– Ақсақал, лақтырмай-ақ қой, текке қырыламыз! – деп жалынып қойғызады.

Дәудің ақылы тайыздығын біліп, шал ерленіп дәуге:

– Кел, жердің ішек-қарнын шығарайық! – дейді.

Дәу жүгіріп келіп, жерді теуіп қалады. Жер тізеден ойылады. Ештеңе шықпайды. Шал өзі бұрын көміп қойған, қан-жыны арылмаған ішек-қарын жатқан жерді жүгіріп барып, теуіп қалса, ішек-қарын шыға келеді. Дәу қорқады.

Сосын шал:

– Кел, енді жердің миын шығарайық, – дейді.

Дәу пәрменімен, келіп, жерді теуіп қалады. Жер тағы да тізеден ойылады. Ештеңе шықпайды. Шал манағы айранын көміп кеткен жерді жүгіріп барып теуіп қалса, бырқ етіп айран шыға келеді. Дәу одан бетер қорқады. «Мына шал не деген орасан күшті», – деп, шалдың айтқанын істей береді. Ақыры шал онан қалай құтыларын білмей:

– Енді қайт! Ертең бізге қонаққа кел, – дейді.

Дәу:

– Жарайды, – деп кетіп қалады.

Шал үйіне келіп кемпіріне:

– Ертең дәу қонаққа келеді, – дегенде:

– Ойбай, немізді береміз? – деп сасады кемпір. Шал тұрып:

– Ертең дәу келеді. Мен есіктің алдында отырармын. Сонда сен оның көзінше: «Не істеймін, шал?» – деп маған қара, мен не десем, соны істемекші болып, пышақты алып тұра ұмтыл, – деп, кемпіріне үйретіп қояды.

Ертеңіне үш дәу келеді, досының үйінде отырады. Сол кезде кемпір отырып:

– Шал, нені асамын, үйдегі қонаққа? Түк жоқ, – депті.

Сонда шал тұрып:

földhöz vágnám, félek a föld közepén kettéválna – mondta.

Erre az óriás odament, és megragadta az öregember karját:

– Apó, akkor ne dobjad, nehogy meghaljunk! – könyörgött neki, és lerakatta vele a követ. Mivel ismerte az óriás lassú észjárását, az öregember felbátorodva így szólt hozzá:

– Gyere, vegyük ki a föld beleit! – mondta.

Az óriás nekifutott és dobbantott. Térdig süllyedt a földbe, de semmi nem tűnt elő. Az öregember oda futott, ahol korábban eltemette a még véres belsősegeket, dobbantott, és a belsőség kifordult. Az óriás megijedt. Majd így szólt az öregember:

– Gyere, most a föld agyvelejét vegyük ki! – mondta.

Az óriás összeszedte minden erejét, és dobbantott. Újra térdig süllyedt a földbe, de semmi nem bukkant elő. Az öregember oda futott, ahová előzőleg az aludttejet eltemette, dobbantott, és bugyborékolva tört elő belőle az aludttej. Erre az óriás még jobban félni kezdett tőle. „Hogy milyen erős ez az öregember!” – gondolta, és mindent megtett, amit az öregember mondott neki. Végül az öregember nem tudta hogyan szabaduljon meg tőle, és így szólt hozzá:

– Most menj el! Holnap pedig gyere el hozzánk vendégségbe.

– Rendben – válaszolta az óriás, és elment.

Amikor az öregember hazaért, így szólt az öregasszonyhoz:

– Holnap az óriás vendégségbe jön hozzánk.

– Ó, jaj, mit fogunk neki adni? – kérdezte kétségbeesve az öregasszony.

– Holnap amikor eljön az óriás, én az ajtó elé fogok ülni. Amint őt meglátod, kérdezd meg tőlem: „Mit tegyek, apó?” Erre én azt felelem: „fogd a kést és támadj rájuk!” Majd tégy úgy, mintha megcsinálnád, amit mondok – tanította a feleségét az öregember.

Másnap eljött a három óriás, és leültek a barátjuk házában. Ekkor az öregasszony is leült, és így szólt:

– Apó, mit főztek a vendégeknek? Semmi nincs itthon!

Mire az öregember:

– A legelső óriásnak a fejét, a középsőnek a mellét főzd meg, ha még így sem elég, magát az óriás barátomat főzd meg! – mondta, az ö-

– Басқы дәудің басын ас, органшы дәудің төсін ас, ол жетпесе, досым дәудің өзін ас! – дегенде, кемпір пышағын алып, тұра ұмтылады.

Үш дәу тырым-тырақай қаша жөнеледі. Досы лашық үйін басымен көтеріп, алып кетеді. Шал айқайлап:

– Әй, досым, лашығымды тастап кет! Қайда барсаң да, құтылмайсың! – дейді.

Дәу лашықты тастай сала қашып бара жатса, баяғы әлімжеттік қып балығын тартып жей беретін түлкі жолығады.

Тақсыр, қайда қашып келесің? – дейді түлкі.

– Бір пәле шалдың қырсығынан құтыла алмай қашып келеміз, – дейді дәулер.

Түлкі:

– Сол Қаңбақ шалдан қорқып жүрсіндер ме?

– Менімен жүр, мен сенің өшінді алып берейін, – деп, дәуді ертіп, шалды іздеп қайта келе жатса, шал лашықтың жанында тұр екен. Түлкінің ертіп келе жатқанын көріп, шал айғай салады:

– Ей, түлкі-ау? Арғы атаңда алты атамның құны бар, бергі атаңда бес атамның құны бар, өзінде бітіспейтін кегім бар еді, үш дәуді соның үшін бергелі келе жатырсың ғой! Бәрібір онымен бітпеймін! – деп дауыстайды.

Сонда дәу қорқып: «Бұл бізді сол аталарының құнына беруге алдап алып келе жатыр екен ғой!» – деп ойлап, түлкіні құйрығынан алып жерге бір ұрып өлтіріп, алды-артына қарамастан қаша жөнеледі. Сөйтп, Қаңбақ шал дәулер мен түлкіден осылай құтылған екен дейді.

regasszony pedig vette a kést, és rohant feléjük.

A három óriás fejvesztve menekülni kezdett. Az apó barátja a kunyhót felemelte a fejével, úgy szaladt. Az öregember utána kiáltott:

– Ej, barátom, dobd el a kunyhómat! Bárhová is mész, nem menekülsz előlem! – mondta.

Az óriás menekülés közben eldobta a kunyhót. Egyszer csak eléjük toppant az a róka, amelyik korábban az öregtől megszerezte a halakat.

– Uraságok, hát ti hová futtok? – kérdezte a róka.

– Egy gonosz öregember haragjától nem tudunk megszabadulni, előle futunk – felelték az óriások.

– Csak nem attól az Ördögszekér apótól ijedtetek így meg? Gyertek velem, én majd megfizetek neki helyettetek – mondta a róka, és az óriások élén az öregember nyomába eredt. Amikor rátaláltak, az öregember épp a kunyhója mellett állt. Ahogy meglátta, hogy a róka jön az élükön, odakiáltott:

– Ej, róka! A távoli ősödön hat ősömet, a közeli ősödön öt ősömet kell megbosszulnom, rajtad végtelen bosszúm van, a három óriást emiatt hozod hát! Teljesen mindegy, én nem békülök meg!

Erre az óriás megrémült: „Ez becsapott minket, azért hozott ide, hogy az ősei miatti bosszú elejét vegye!” – gondolta, és a rókát megragadta a farkánál fogva, és úgy vágta földhöz, hogy az abban a pillanatban kilehelte a lelkét, majd az óriás hátra sem nézve futni kezdett. Így szabadult meg Ördögszekér apó egyszerre az óriásoktól és a rókától is.

Ұр, тоқпақ!

Бұрынғы өткен заманда бір шал мен кемпір болыпты. Шал мен кемпір кедей болып, тұзақ құрып күнін көреді екен. Бір күні шал тұзағын келіп қараса, бір қаз түсіп қалыпты. Шал қазды тұзақтан босатып алып, бауыздайын десе, қаз шалға айтыпты:

– Мені сен босат! Менен не сұрасаң соны бір жылдан кейін ал, – дейді.

Шал мақұл көріп, қазды босатып қоя береді. Үйіне келіп, жаңағыны айтса, кемпірі шалға ұрсады. Шал:

– Қой, сен түк білмейсің! – деп сөзін тыңдамай, жүре береді.

Бір жыл өтеді. Шал қазға бармақшы болады. Жүре-жүре бір жерге келсе, өңкей түйе жайылып жүр екен. Келіп түйешіден:

– Бұл кімнің түйесі? – десе:

– Бұл – Қазбайдың түйесі, – дейді.

«Бұл Қазбай – баяғы қаз екен», – деп шал ойланып тұрып жүріп кетеді. Бір жерге келіп:

– Бұл кімнің қойы? – деп, қойшыдан сұрайды. Қойшы:

– Бұл – Қазбайдың қойы, – дейді. Шал жаңағы қойшы баладан:

– Шырағым, Қазбайдың бұдан басқа несі бар? – дейді. Бала шалға:

– Қазбайдың үш жақсы нәрсесі бар. Біреуі: «Піс, қазаным, піс!»

– десе, әр түрлі тамақ пісіп шығады, енді біреуі: «Құс, есегім құс!»

– десе, есегі алтын құсады, тағы біреуі: «Ұр, тоқпағым, ұр!» – десе, адамдарды ұра береді, – дейді.

– Мақұл, – деп шал жүріп кетеді.

Шал Қазбайдың аулына келеді. Қазбай шалды күтіп алады. Шал Қазбайдан «Піс қазанын» сұрайды, Қазбай сұрағанын береді.

Шал алып үйіне келе жатса, бір жерде асық ойнап жатқан балалар шалға:

Üsd, sulyok!

Hajdanában élt egy öregember és egy öregasszony. Az állatoknak csapdát állítottak, nagy szegénységben így tengették az életüket. Egy nap, amikor az öregember elment a csapdát ellenőrizni, látja ám, hogy egy lúd lépett bele. Az öregember kiszabadította a ludat a csapdából, hogy elvágja a nyakát, de akkor a lúd megszólalt:

– Engedj el! Egy év múlva bármit, amit kívánsz tőlem, megkapod.

Az öregember beleegyezett, és szabadon eresztette a ludat. Hazatért, és amikor a történeteket elmesélte, az öregasszony pörölni kezdett vele.

– Ugyan már, nem tudsz te semmit! – mondta az öregember, és a feleségét végig sem hallgatta, elment.

Letelt az egy év. Az öregember elindult a lúddhoz. Ment-mendegélt, majd elérkezett egy olyan helyre, ahol köröskörül mindenféle tevék legeltek.

– Ezek kinek a tevéi? – kérdezte a tevépásztortól.

– Ezek Lúd úr tevéi – válaszolta a pásztor.

„Ez a Lúd úr lesz az a lúd, akit én keresek” – gondolta az öregember, és folytatta az útját. Egy másik helyre érkezve tengernyi juhot látott:

– Ezek kinek a juhái? – kérdezte a birkapásztortól.

– Ezek Lúd úr juhái – válaszolta a juhász fiú.

– Fiam, ennek a Lúd úrnak más vagyona is van? – kérdezte az i-ménti juhász fiútól.

– Lúd úrnak három értékes tárgya van. Az egyik egy üst, amelynek ha azt mondja: „főzz, üstöm, főzz”, az mindenféle ételt elkészít. A másik egy szamár, amelynek ha azt mondja: „hányj, szamaram, hányj”, az aranyat hány. A harmadiknak pedig ha azt mondja: „üsd, sulykom, üsd”, akkor megveri az embereket – válaszolta a fiú.

– Pompás – mondta az öregember, és ment tovább, amíg el nem érkezett Lúd úr falujához. Lúd úr már várta őt. Az apó a „főzz, üstöm”-et kérte tőle, Lúd úr pedig teljesítette a kérését. Visszafelé útközben

– Ата, асқа түс! – дейді.

Шал асқа түседі. Үйге кіріп бара жатып, шал балаларға:

– Шырақтарым! «Піс, қазаным піс!» – демендер, – дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң балалар тыңдасын ба: «Піс, қазаным піс!» – деп шулап қоя береді.

Сүйдегенде, әр түрлі тамақ пісіп даяр болады. Балалар қазанды айырбастап, алып қояды.

Шал шығып қазанды үйіне алып барып:

– Піс, қазаным, піс! – десе, еш нәрсе піспейді.

Шал қазанды алып, Қазбайдың үйіне қайта келеді. Қазбайға:

– Бұдан еш нәрсе шықпады, – дейді.

Қазбай қазанды алып:

– Піс, қазаным, піс! – десе, еш нәрсе шықпайды.

Қазбай қазанды алып, шалға есекті беріп жібереді. Шал есекті алып үйіне қайтады. Жолда келе жатса, балалар шалға:

– Ата, асқа түсіңіз! – дейді. Шал асты тастағысы келмей, есектен түседі. Үйге кіріп бара жатып балаларға:

– Шырақтарым! «Құс есегім, құс!» – демендер, – дейді.

Балалар:

– Мақұл! – дейді.

Шал үйге кіріп кеткен соң-ақ балалар: «Құс, есегім, құс», – десе, есек алтын құсады. Балалар есекті айырбастап, орнына басқа есек қояды.

Шал есекті алып үйіне кетеді. Кемпір:

– Қаздан барып алып келгенің осы ма? – дейді.

Шал есекке:

– Құс есегім, құс! – десе, есек еш нәрсе құспайды. Шал есекті алып, Қазбайға тағы қайта келеді.

– Есектен еш нәрсе шықпайды, – дейді. Қазбай есекті алып:

«Құс есегім, алтын құс», – десе, еш нәрсе құспайды.

Шалға Қазбай «Ұр тоқпағын» береді. Шал «Ұр тоқпақты» алып келе жатса, баяғы жерде тағы да балалар жүр екен.

Балалар шалға:

– Ата, асқа түс! – дейді. Шал үйге кіріп бара жатып:

birka bokacsontokkal játszó gyerekekkel találkozott:

– Öregapám, térjen be egy ebédre!

Az öregember elfogadta a meghívást, és mikor a házba lépett így szólt a gyerekekhez:

– Fiaim, ne mondjátok azt, hogy „főzz, üstöm, főzz”!

Miután bement az öregember a házba, a gyerekek – hogy is hallgathattak volna? – elkiáltották magukat:

– Főzz, üstöm, főzz!

Amint kimondták, az üstből mindenféle étel került elő. A gyerekek kicserélték az edényt, és az eredeti üstöt elvették.

Az öregember elindult, hazavitte az üstöt, majd így szólt: „főzz, üstöm, főzz!”, de semmi nem történt.

Az apó fogta az üstöt, és visszatért vele Lúd úrhoz.

– Ez az üst semmit nem főzött – mondta neki. Lúd úr elvette az edényt, és maga is megpróbálta:

– Főzz, üstöm, főzz! – de az üstből semmi nem került elő.

Akkor Lúd úr visszavette az üstöt, és odaadta a szamarát. Az öregember fogta a szamarat, és hazaindult vele. Útközben ismét találkozott a gyerekekkel, akik újra meghívták ebédelni. Az apó nem akarta visszautasítani az ebédet, leszállt a szamárról. Mikor belépett a házba, így szólt:

– Gyermekeim, ne mondjátok azt, hogy „hányj, szamaram, hányj”!

– Rendben – felelték a gyerekek.

Miután az öregember bement, a gyerekek így szóltak: „hányj, szamaram, hányj”, és a szamár aranyat hányt. A gyerekek kicserélték a szamarat, és egy másikat tettek a helyére.

Az öregember fogta a szamarat és hazatért.

– Ezt kaptad a lúdtól? – fogadta az öregasszony.

Az apó így szólt a szamárhoz:

– Hányj, szamaram, hányj! – de a szamár semmit nem hányt. Az öregember fogta az állatot, és ismét elment Lúd úrhoz.


– A szamár semmit nem hányt – mondta.

Lúd úr fogta a szamarat, és azt mondta neki: „hányj, szamaram, hányj”, de a szamár semmi sem hányt.

– Шырақтарым! «Ұр тоқпағым, ұр!» – демендер, – дейді. Шал үйге кіріп кеткен соң, дәндеген балалар: «Ұр, тоқпағым, ұр!» – дейді. Тоқпақ балалардың әрқайсысын ал кеп ұр! Ұрып жүр, ұрып жүр... Балалар тоқпаққа жалынады:

– Ойбай, «Піс қазаныңды», «Құс есегіңді» берейік! – дейді. Шал шығып келе жатып, естіп қояды. Шал келіп: «Піс қазанды», «Құс есекті» бересіңдер ме? – дейді. Балалар:

– Мақұл! Әкеліп береміз! – дейді. Шал «Ұр тоқпақты» қойғызады. Балалар «Піс қазанды», «Құс есекті» әкеліп береді. Шал «Піс қазанды», «Құс есекті», «Ұр тоқпақты» алып, үйіне келеді. Сөйтіп, мұратына жетеді.



Akkor odaadta az öregembernek az „üsd, sulykom”-at. Az apó fogta az „üsd, sulykom”-at, és a korábbi helyen ismét találkozott a gyerekekkel.

– Apó, térjen be hozzánk ebédelni! – mondták. Az öregember ismét meghagyta:

– Fiaim, ne mondjátok azt, hogy „üsd, sulykom, üsd”!


Miután az öregember bement a házba, a gyerekek ismét elkiáltották magukat: „üsd, sulykom, üsd”. Akkor a sulyok elkezdte mindegyik gyereket verni, csak ütötte és ütötte őket. A gyerekek már könyörögtek:

– Jaj, jaj, visszaadjuk a „főzz, üstödet” és a „hányj, szamaradat”!

Az öregember előjött a házból, és meghallotta:

– Visszaadjátok a „főzz, üstömet” és a „hányj, szamaram”-at? – kérdezte. Mire a gyerekek:

– Igen, igen! Azonnal hozzuk és már adjuk is! – felelték. Az öregember leállította az „üsd, sulykom”-at, a gyerekek pedig előhozták a „főzz, üstöm”-et és a „hányj, szamaram”-at. Az öregember pedig fogta mind a hármat, és hazatért. Így érte el a célját.



Тазша бала

Ерте заманда бір тазша баланың әке-шешесі өліп, жетім қалыпты. Күндерде бір күн тазша базарды аралап жүрсе, мұнайып отырған бір шалды көреді. Тазша шалдың қасына келіп отырады. Шал:

– Не қылып жүрген баласың? – деп сұрайды. Сонда тазша:

– Баласы жоққа бала болайын деп жүрмін, – дейді. Шал:

– Ендеше балам жоқ еді, маған бала бола ғой! – деп, тазшаны ертіп, үйіне алып келіпті.

Бір күні шал тазшаға:

– Анау көрінген ағаштың басында ақсары деген құстың ұясы бар, сол ұяда құстың жұмыртқасы бар. Сен барып құсқа білдірмей, астынан бір жұмыртқасын алып келші, – дейді. Тазша:

– Жарайды, – деп жүгіріп барып, ағаштың бұтақтарын сылдыратпастан басына шығады да, құсқа білдірместен бір жұмыртқасын алып келіп, шал әкесіне береді.

Сонда шал:

– Енді жұмыртқаны апарып, құсқа білдірместен ұясына салып келе қойшы, – депті. Тазша:

– Жарайды, – деп апарып, құсқа білдірместен, жұмыртқаны ұяға салып келіпті. Сонда шал:

– Жарайсың, балам! Қолыңнан іс келеді екен, – депті.

Бір күні тазшаға өгей әке-шешесі:

– Анау көрінген үйде өздері бай және өлгенше сараң бір шал мен кемпір бар. Үйіндегі мол тамақтан өздері де жарып жемейді, кісіге де нәр татырмайды және түнде жатқанда екеуі қаптағы құртын басына жастанып, қарындағы сары майын қойнына алып жатады.

Солардың жұмысын табаным тесіліп, талай істесем, де жарытып ақы бермеді, ауыз толарлық тамақ та бермеді. Сонда көп ақым кетіп барады. Мені әке десең, сол кеткен ақым үшін сол қу, сараң шалдың

A ravasz fiú

A réges-régi időkben egy ravasz fiúnak meghaltak a szülei, így árvaságra jutott. Egy nap, amikor ez a ravasz fiú a piacot járta, meglátott egy szomorúan üldögélő öregembert. Odament hozzá, és letelepedett mellé.

– Mi dolgod erre fiú? – kérdezte az öregember.

– Akinek nincs gyereke, annak gyereke lennék, ezért kószálok itt – válaszolta a fiú.

– Ha ez így van, nekem nincs gyermekem, legyél az én fiam! – mondta az öregember, és elvitte a fiút a házába. Egy nap így szólt az öreg a fiúhoz:

– Látod azt a fát? Annak a tetején egy sólyom fészke van, abban pedig a tojásai. Menj oda, és hozd el a madár alól egy tojást úgy, hogy az ne vegye észre.

– Rendben – válaszolta a fiú, és a fához futott, felmászott a tetejére úgy, hogy az ágak meg sem rezzenek, és anélkül, hogy a madár észrevette volna, elvitte egy tojását, majd az öregembernek adta.

– Most vidd ezt a tojást, és rakd vissza a fészekbe úgy, hogy a madár ne lássa meg – mondta az öregember.

– Rendben – egyezett bele a fiú, és visszavitte a tojást a fészekbe úgy, hogy a madár fel sem figyelt rá. Ekkor így szólt az öregember:

– Ügyes vagy, fiam! Ügyesen elvégezted a feladatot.

Egy nap kéréssel fordultak a fiúhoz a mostohaszülei:

– Látod azt a házat? Abban egy gazdag, de rettentően fukar öregember és öregasszony él. Hiába van a házban bőségesen étel, maguk nem esznek belőle, és az embereknek sem kínálnak belőle. Éjszaka, amikor lefekszenek, egy zsáknyi szárított túrót tesznek a fejük alá párnaként, és ölükben egy tömlő vajjal alszanak el.

Ezeknek annyit dolgoztam, hogy a hátam meggörnyedt, de bármennyit is dolgoztam, nem adtak elegendő fizetést, még annyi ételt

койнына тығып жатқан сары майын алып келші, – дейді.

– Жарайды, – дейді де, тазша түнде жұрт ұйықтаған уақытта барып, кемпір мен шалдың үйіне кіріп, екеуінің аралығына кіріп жата қалып, кемпірдің даусына салып: «Әрі жат!» – деп, шалды шынтағымен бір түртіп, бір уақытта шалдың даусына салып: «Әрі жат!» – деп, кемпірді шынтағымен бір түртіп, ақырында сары майын алып жөнеліпті. Артынша, ұзамай-ақ майды жоқтап, шал шығыпты. Шалдың өзі де жасында бір қу тазша екен: «Пәленше шалдың асырап алған бір тазша баласы бар еді, сол алып кеткен шығар», – деп орнынан тұра сала жүгіріп, тазшаға көрінбей, бір жағыменен оның үйіне бұрын жетіп, қолына бір шелек алып тазша үйіне кіре бергенде, кемпірдің даусына салып шелекті тазшаның қолына ұстата береді де:

– Шырағым, майды маған бер де, мынау шелекпен бір шелек су әкеле ғой! – дейді.

Анқау тазша бөтен адам екенін аңғармай, майды беріп, шелекті ала сала жүгіріп, суға кете беріпті. Шелекпен суды алып келіп, шешесіне:

– Мә, су! – деп берсе, шешесі:

– Мен саған су әкел дегенім жоқ! Май әкел демедім бе? – дейді.

Тазша алданғанын біліп: «Майдың иесі қу неме екен, майын өзі алып кеткен екен, мен де жетейін! Қайсымыз басым екенбіз?» – деп, жүгіріп кете береді.

Шалдың көзіне түспей, төтелеп барып, бұрын жетіп, басына бір ақ жаулықты орай салып, шалдың алдынан айқай салады:

– Тілеуің құрғыр, шал, қайда кетіп едің? Қоралы қойыңды қасқыр қуып кетті. Жүгіріп жетіп, жылдамырақ қайырып, айдап кел! Болмаса, қасқыр қырып кетеді! – дейді.

Тазшаның кемпір даусына салып, сөйлеген сөзіне шал нанып, қолындағы сары майды:

– Ал, мынаны! – деп, лақтырып тастап, қойларын іздеп жүре беріпті.

Тазша бала шалды алдап жіберіп, майды алып, үйіне келіпті. Манағы шал о жақ, бұ жаққа жүгіріп, қойдан дерек таба алмай, шар-

sem kaptam, amennyivel jóllakhattam volna. Sok béremmel tartoznak. Ha engem apádnak nevezel, akkor az elmaradt béremért cserébe az agyafúrt, fukar öregember öléből hozd el a vajat.

– Rendben – egyezett bele a fiú, és éjjel, amikor mindenki aludt, elment az öreg pár házába, kettejük közé feküdt, és az öregasszony hangját utánozva így szólt: „Húzódj odébb!”, és megbökte az öregember oldalát, majd pedig az öregember hangját utánozta: „Feküdj arrébb!”, és könyökével oldalba bökte az öregasszonyt, így végül el tudta venni a vajat. Nemsokára az öregember észrevette, hogy a vaj eltűnt. Mivel ő maga is furfangos volt fiatalkorában, így rögtön sejtette, hogy melyik öregember ravasz gyereke vette el a vajat. Felkelt, és anélkül hogy a fiú észrevette volna, sietett hozzájuk, sőt lopakodva korábban is ért a házba. Fogott egy vödöröt, és amint a fiú belépett, a kezébe nyomta, és így szólt egy öregasszony hangját utánozva:

– Kedveském, add nekem a vajat, és hozz egy vödör vizet!

A jóhiszemű fiú nem gyanította, hogy egy idegen ember szólt hozzá, odaadta a vajat, felkapta a vödöröt, és elment vízért. Miután mehozta, odaadta az anyjának:

– Tessék, itt a víz.

– Én nem mondtam neked, hogy hozz vizet, azt mondtam, hogy hozd el a vajat! – ripakodott rá az anyja.

A fiú rájött, hogy becsapták: „A vaj gazdája, az az agyafúrt kópé, ő jött el a vajért, de majd én megfizetek neki! Meglátjuk, melyikünk lesz a jobb” – gondolta, majd egyenesen az öregember házához sietett, és előbb is ért oda anélkül, hogy az öreg hírét vette volna. A fejére egy fehér kendőt kötött, az öregember elé állt, és így kiabált:

– Légy átkozott, öreg, hová tűntél? Egy akolnyi juhodat a farkas szétkergette. Indulj tüstént, tereld össze, és hozd vissza őket gyorsan! Ha nem sietsz, a farkas széttépi őket!

A fiú az öregasszony hangját utánozta, így az öregember minden szavát elhitte. A kezében levő vajat a „felesége” kezébe nyomta:

– Fogd ezt meg! – mondta, és a juhait keresésére indult.

Miután így lóvá tette az öregembert, a ravasz fiú fogta a vajat, és hazament. Közben az öreg hiába futott ide-oda, a juhok hírét-hamvát

шап, сандалып, қайтып үйіне келіп қараса, қойлары ап-аман қорасында жатыр. Шал байғұс алданғанын енді біліп: «Қап! Өзім де жас уағымда осындай қулықты көп істеп едім, қартайғанда алдыма келгені ғой!» – деп, ерте тұра сала, тазшаның әкесіне айтыпты:

– Сенің тазшаң менің бір қарын сары майымды алып кетті, майымды қайтарып бер! Болмаса, тазшанды сөзсіз өлтіремін! – депті.

Сонда тазшаның әкесі бұл шалға:

– Мен майыңды көргенім жоқ! Егер анық тазшаның алғанын сезген болсаң, не қылсаң о қыл, мен ара түспеймін, – депті.

Майын алдырған шал қолына бір өткір балта алып, жұрттан жасырынып, көп қорымның ішіне барып, бір тесілген қабірдің, ішіне кіріп, жасырынып жатыпты. Бұл шалдың кемпірі еш нәрсе сезбеген кісі болып, манағы тазшаны шақырып алып:

– Шырағым! Көп қорымда әкемнің моласы бар еді. Соған мына пісірген нанды апарып, құран оқып, жеп келе ғой, сенен басқа балаларға сенбеймін, – депті.

Тазшаның қапелімде ойына еш нәрсе түспей:

– Мақұл! – деп, нанды алып, кете беріпті.

Молаға барып, құран оқып, нанды жеп отырғанда, бір көрдің тесігінен бір шал арбаңдап шығып келеді. Қолында балтасы бар. Кәдімгі аңдысып жүрген шалы екенін тазша тани кетеді. Тазша оңайлықпен өле қойсын ба? Шалдан бұрын қам қып, қолындағы балтасын жұлып алып: шалдың өзіне дүрсе қоя беріпті. Шал жалынып, эзер құтылыпты.

Бұлар тұрған шәһәрдің ханы халқына өте қатал болыпты, елге салықты көп салып, кедей мен жалшыны зар жылатып, сорлата беріпті. Солардың қатарында тазшаның әкесіне де салықты мол салып, шал қатты қысылыпты. Бұл жайды білген тазша әкесіне:

– Сіз қысылмаңыз, ханның өз алтынын өзіне берейік! – депті.

Содан кейін бұл тазша ханның қазынасына кіріп, бір құмыра ділдасын алып кетіпті. Ертеңіне хан ділданың жоғалғанын біліп, барлық уәзірін жинап:

– Ұрыны қалайша тауып, ұстауға болады? – деп ақылдасыпты.

sem lelte, végül kimerülve összeroskadt. Amikor hazatért, látja ám, hogy a juhái épen és egészségesen az akolban fekszenek. A szerencsétlen öregember megértette, hogy becsapták: „Én magam is fiatalkoromban sok ilyen ravasz dolgot műveltem, most vénségemre velem is ugyanezt teszik” – gondolta, majd másnap korán felkelt, és elment a fiú szüleihez.

– A te furfangos fiad elvette egy tömlő vajamat, add vissza! Ha nem, akkor a fiút egy szó nélkül megölöm! – fenyegetőzött.

Mire a fiú apja:

– Én nem is láttam azt a vajat! Ha csakugyan biztos vagy benne, hogy a fiam vette el, tégy amit akarsz, én nem avatkozom bele!

Az öregember, akitől elvette a vaját, fogott egy éles baltát, észrevétlenül elment a temetőbe, és elbújt egy bedőlt sírhelynél. A felesége, aki úgy tett mintha a történetből semmit nem vett volna észre, magához hívta a fiút:

– Kedveském! A temetőben van az apám sírja. Vidd el ezt a frissen sült kenyeret, olvass fel a Koránból, egyél, majd gyere vissza. Te vagy az egyetlen, akiben megbízok.

A fiú hirtelenjében mit sem sejtett:

– Rendben – mondta, fogta a kenyeret, és elment a temetőbe. Felolvastott a Koránból, és épp a kenyeret ette, amikor egy sírból egyszer csak imbolygó árny tűnt fel, kezében baltával. A fiú felismerte, hogy ez az öregember, akivel korábban egymás orra alá borsot törtek. Ilyen könnyen adja az életét? Kitépte az öregember kezéből a baltát, és megakarta ütni vele, de a vénember az életéért esedezett, így a fiú megkönnyült rajta.

Annak a városnak a kánja, ahol éltek, nagyon kegyetlen volt a néphez: sok adót vetett ki, a szegények és a napszámások nyomorúságát növelte, és sok keserőséget okozott. Ugyanígy a fiú apjától is sok adót szedett, az öregember szorult helyzetbe került. A fiú ismerte a gondjait, ezért így szólt az apjához:

– Ne aggódjon, a kán tulajdon aranyait adom a kánnak! – mondta.

Majd ez a furfangos fiú elment a kán kincstárába, és elhozott onnan egy korsó aranyat. Másnap a kán észrevette, hogy hiányzik az arany-

Сонда бір уәзірі:

– Қазынаның есігінің алдынан шұңқыр қазып, белуардан бататын шырыш желім толтырып қоялық; қараңғыда білмеген адам түсіп кетсе, шығып кете алмайтын болсын! Осындай амалмен ұсталық, – депті.

Хан осы амалды мақұл көріп, айтқандай қылып, желімді даярлата беріпті. Қу тазша қалайша білсе де, бұл амалды біліп алып, енді қазынаның есігіне жоламапты.

Хан мұнымен де қазынаға түсіп жүргеннің кім екенін анықтап біле алмаған соң, ойлап-ойлап екінші амал істепті. Ханның бір бақырауық нары бар екен. Ұстамақ түгіл, біреу маңына жақын барғанда, даусының барынша бақырады екен. Сол нарды шөгеріп жатқыздырып, бірнеше аңдушы қойдырыпты. Егер нар бақырсақ ұрыны ұстамақ екен. Тазша мұны да біліп, түнде қолына бір бау жоңышқаны алып барып, алыста тұрып нарға көрсетсе, нар жоңышқаны жеймін деп, орнынан тұрып, жоңышқаға қарай жүреді. Тазша ақырындап алыстай береді, нар соңынан ере береді. Нардың даусы естілмейтін жерге барған соң, нарды ұстап апарып, бір тоғайдың қалың жеріне байлап тастапты.

Ертеңіне ханның жасауылдары нарды таба алмай, дағдарып ханға келіп хабар беріпті. Хан бұл амалы да іске аспаған соң, ойлап-ойлап, тағы бір амал тауыпты: далаға бір отау тіккізіп, ішіне жақсы төсектер жайдырып, соған өзінің қызын жатқызып: «Қызымменен кім сөйлесіп, махаббаты келіссе, қызымды соған беремін!» – деп жұртқа жар салыпты. Ондағы ойы: «Егер сол ұры амалы көптігіне сүйеніп, қызыма келсе, қызым қолына беріп қойылған алмас қылышпен қолын кесіп алып қалсын; ертең шаһар адамдарының қолын тегіс көрейін: «Кімнің қолы кесілген болса, соны ұстатып, дарға астырайын!» – дегені екен.

Қу тазша бұл амалды да біліп алыпты. Қалада бір бай қасапшы бар екен. Түн ішінде жатып калған қасапшыға барып, терезесінен: «Ханға бір қойдың қарны керек еді, терезеден бере ғой», – деп дауыстапты. Қасапшы: «Ханға керек», – деген соң лажы бар ма? – бір қарынды терезеден қолымен шығарып: «Ал!» – дегенде,

ból, és hívatta minden vezírét:

– Hogy lehetne a tolvajt megtalálni és elfogni? – tanakodtak.

– A kincstár ajtaja elé ássunk egy vermet, töltsük meg derékig enyvvel; ha olyan ember jön, aki nem tud erről, az a sötétben beleesik, és nem tud kijönni! Ily módon elfoghatjuk – mondta az egyik vezír.

A kán ezt az ötletet jónak találta, és mindent úgy csináltak, ahogy a vezír mondta: az enyvvet elkészítették. A ravasz fiú hogy, hogy nem megtudta ezt a tervet, és a közelébe sem ment a kincstárnak.

Miután a kán ezzel nem tudta kideríteni, hogy ki jár a kincstárába, hosszas gondolkodás után más módot eszelt ki. A kánnak volt egy nagy hangú dromedárja. Nemcsak hogy megfogni nem tudta, de a közelébe se lehetett menni, mert azon nyomban torkaszakadtából elbődült. Ezt a dromedárt a kincstára elé fektette, és néhány őrt állított a közelbe. Ha a dromedár elbődül, el tudják kapni a tolvajt. A furfangos fiú ezt is megtudta, így egy marék szénával indult el éjjel. Messziről mutatta a dromedárnak, mire az felkelt, és a széna felé indult, hogy megegye. A fiú lassanként hátrálni kezdett, a dromedár pedig követte. Majd amikor elértek oda, ahonnan az állat hangja már nem hallatszott, kikötötte az állatot az erdő sűrűjében, és otthagya.

Másnap, amikor a kán katonái nem találták a dromedárt, csodálkozva vitték a hírt az uralkodónak. Miután a kánnak ez a terve sem valósult meg, hosszas töprengés után egy másik csellel állt elő: a pusztában felállított egy jurttát, szépen berendezte, és odaköltöztette saját lányát. „Aki a lánnyal elbeszélget, és akit ő megszeret, az elnyeri a kezét!” – hirdette ki az országban. A szándéka azonban más volt: „Ha az a tolvaj ilyen leleményes, akkor eljön a lányomhoz, aki egy éles karddal levágja a karját; másnap pedig kiderítjük, hogy a városban élő férfiak közül kinek hiányzik egy karja!”

A csavaros eszű fiú azonban ezt a tervet is megneszelte. A városban élt egy gazdag mészáros. Az éjszaka közepén, amikor a mészáros már nyugodni tért, elment hozzá, és bekopogott az ablakon: „A kánnak egy juh gyomra kell, add ki az ablakon” – kiáltotta. A mészáros mi mást tehetett volna, ha egyszer a kánnak kell? – kinyújtott az ablakon egy gyomrot. „Tessék, itt van” – mondta, mire a furfangos fiú egy éles

тазша қолындағы алмас қылышпен қасапшының қолын қарнымен шауып түсіріпті, сөйтіп, қарын мен кесілген қолды ала жөнеліпті. Әлгі қарынды суға толтырып, аузын байлап, оңаша отауда жатқан ханның қызының қасына келіпті. Әрі-бері сөйлескеннен кейін, тазша сыртқа шығып кетуге рұқсат сұраса, қыз:

– Сені тәуір көрем, жата тұр! деп, жібермейді. Тазша:

– «Кетіп қалады», – десеңіз, менің қолымды ұстай тұрыңыз! – дейді. Қасапшының кесілген қолын қызға ұстатып, қарынның бір жерін тесіп, суды шырылдатып ағызып, өзі кетіп қалыпты. Бір уақытта қыз: «Осы неге үнсіз жатыр?» – деп, байқап қараса, ұстап жатқаны бір кесілген қол екен.

Қыз ертең тұра сала әкесіне: «Ұрыны ұстап едім, өз қолын өзі кесіп, қашып кетіпті», – дейді. Хан жарлық қылып, шаһар адамдарының қолын түгендесе, қолы кесілген қасапшы болып табылып, хан алдына алып келіп тергегенде, ол көрген-білгенін айтады. Хан мұның кінәсіз екеніне сеніп, қоя беріпті.

Хан бұл амалы да іске аспаған соң, ойлап-ойлап, төртінші амалды тауыпты. Бір күні: «Егер ұры келе қойса, өзім ұстап алайын», – деп, оңаша отауда өзі жатыпты. Тазша мұны да біліп, әйелдің әдемі киімдерін киіп, бір сұлу келіншек болып, түнде келіп, отауға кіріп, ханның қасына отырыпты. Сонда хан:

– Не қылып жүрген әйелсің? – деп сұрапты. Келіншек-тазша:

– Ерім өліп еді, қайнағаларыма тигім келмейді. Сол себепті, тақсыр, сізге арызға келдім. Сүйгеніме тиюге басымды ашықтап берсеңіз екен! – деп, жауап беріпті.

Хан сұлу «келіншекке» қызығып:

– Олай болса, маған ти! – депті. «Келіншек» тұра келіп:

– Құлдық, тақсыр! Олай десеңіз, арманым жоқ! Сізге тиемін! – депті.

Сөйтіп отырғанда, орданың алдында тұрғандар ағаштарын көрсетіп, «келіншек»:

– Тақсыр, мынау қикайып тұрған ағаштар не? – деп сұрапты.

Хан:

– Кінәлі адамдарды асып өлтіретін «дар» деген осы, – депті.

karddal a karját a gyomorral együtt lenyisszantotta, ily módon mindkettőt megszerezte. A gyomrot megtöltötte vízzel, bekötötte a száját, és a kán lányának külön álló jurtájába ment. Miután mindenféléről beszélgettek, a fiú ki akart menni a dolgát elvégezni, a lány azonban marasztalta: „Szeretlek, maradj még egy kicsit!”, és nem engedte el. Mire a fiú: „Ha azt gondolja, hogy elmegyek, fogja meg a kezemet!” – mondta, és a mészáros levágott karját a lánynak nyújtotta, a gyomrot pedig egy helyen kilyukasztotta, amelyből a víz csordogálni kezdett, mintha a dolgát végezné, ő maga pedig elment. Egy idő után gyanút fogott a lány: „Most miért vagy ilyen szótlan?” – kérdezte, és észrevette, hogy egy levágott kart tart a kezében.

Másnap a lány, amint felkelt, hírt adott az apjának: „A tolvajt elfogtam, a karját saját maga vágta le, majd elmenekült”. A kán kiadta a parancsot, hogy nézzék meg a városban élő férfiaknak megvan-e mindkét karja, így ráakadtak a mészárosra. A kán elé vitték, hogy fényt derítsenek a történetekre, ő elmondta, hogy mit látott és mit tud. A kán elhitte, hogy ártatlan, és szabadon engedte.

Miután a kánnak ez a csele sem sikerült, hosszas tűnődés után ismét kitalált valamit. „Ha a tolvaj eljön, magam fogom el” – gondolta egy nap, és a külön álló jurtába maga telepedett be. A ravasz fiú ezt is megtudta, és felvett egy szép női ruhát. Csinos menyecskének öltözött, éjjel pedig elment a jurtába, és leült a kán mellé.

– Mi járatban vagy errefelé? – kérdezte a kán.

– A férjem meghalt, és nem akarok férjhez menni egyik sógoromhoz sem, emiatt fordulok önhöz, nagyuram. Engedje meg, hogy ahhoz menjek hozzá, akit szeretek! – felelte a menyecske-fiú.

A kánnak megtetszett a szép „menyecske”:

– Ha így van, gyere hozzám feleségül! – mondta.

A „menyecske” felállt:

– Szolgálatára, nagyuram. Ha így akarja, akkor ezzel minden álmom teljesült! Önhöz megyek feleségül! – mondta.

Így üldögéltek, amikor a „menyecske” a ott álló fákra mutatott:

– Nagyuram, mik azok a girbe-gurba fák? – kérdezte.

– Bűnös emberek felakasztására szolgáló bitófák – mondta a kán.

Сонда «келіншек» бұрындарды есітпеген, көрмеген кісідей болып таңырқап:

– Япырм-ай, мұнымен кісіні қалай асып өлтіреді екен? Мені асып көрсетіңізші? – депті.

Хан «келіншекті» дарға асуға ыңғайсыз көріп, дардың арқан тұзағын өз мойнына кигізіп «келіншекті» түсіндірмек үшін:

– Арқанның анау ұшын сен бар күшіңмен тарт, бірақ менің аяғым жерден көтеріліп, мен буынып бара жатқан кезде, арқанды босатып қоя бер! Болмаса мен өліп қалармын! – депті.

«Келіншек» арқанның ұшын қолына алып, тартыңқырап, ханның өкшесі жерден көтеріле берген кезде, аяғының ұшы жерге тиер-тиместей, арқанның ұшын бір ағашқа мықтап байлап қойып, өзі ханның қазынасына кіріп, тағы бір құмыра ділдасын алып кетіпті.

Ертеңіне ханның адамдары дарға асулы, өлі мен тірінің арасында тұрған ханды көріп, босатып алыпты, ордасына кіргізіп, тәуіптер жинап, емделіп жазылыпты. Бұл хабарлар ұзын елдің иіріне, қысқа елдің қиырына жайылып болыпты.

Бұл ханның елімен шекаралас бір елдің ханы да мынау іске талай күліпті. Олар: «Болымсыздығынан екі рет қазынасын, бір рет нарын алдырып, үшінші рет, қызын базарға салып, онымен тұрмай, өзін дарға тартқызып, жұртқа маскара болғанша, хан болмай-ақ біреудің қойын бақса болмай ма?» – деп келемеждепті. Ол ханның сықағын естіп, бұл хан әбден ыза болып: «Құдай атымен ант ішемін. Осы істерді істеген қу кім болса да, кінәсін кешемін, маған келіп мәлім болсын. Бірақ бір тапсыратын ісім бар, соны орнына келтірсе, бұрынғы кінәларын салауат қылып, қызымды беріп, күйсеу қыламын!» – деп, жұртқа жар шақырыпты. Мұны естіп баяғы тазша: «Қайыр! Не де болса, тәуекел, көрінейін!» – деп, ханға келіп, мәлім болыпты. Сонда хан:

– Пәлен ханды амалын тауып, пенде қылып, маған әкеліп берсең, барлық кінәңды кешемін, қызымды да саған беремін! – депті.

Тазша ханның бұл тапсырған қызметін қиынсынбай, қабыл

Akkor a „menyecske” mintha még sose látott volna bitófát, és mint ha még soha nem hallott volna róla, nagyon elcsodálkozott:

– Jaj, istenem, hogyan akasztják fel ezzel az embereket? Megmutatná nekem úgy, hogy felakaszt engem? – kérdezte.

A kán nem akarta felakasztani a „menyecskét”, ezért hogy elmagyarázza, a hurkot a saját nyakába tette.

– Teljes erődből húzzad a kötél végét, de amikor a lábam a földtől felemelkedik, és fuldokolni kezdek, engedd el! Ha nem így teszel, meghalok – mondta.

A „menyecske” megfogta a kötél végét és húzta, ahogy csak bírta, és amikor a kán sarka felemelkedett a földtől, a kötelet egy fához erősítette, majd elment a kán kincstárába, és elvitt még egy korsó aranyat.

Másnap a kán emberei, amikor ráakadtak a felakasztott kánra, már élet-halál közt lebegett. Levágták a bitófáról, bevitték a palotába, gyógyítókat hívtak. A kán meggyógyult. Az események híre messze földön elterjedt.

A szomszédos nép kánjához is eljutott, aki ezeket meghallva nevetésre fakadt. „Alkalmatlansága miatt kétszer a kincseit, egyszer a dromedárját veszítette el, harmadszorra a lányát bocsátotta áruba, de még ez sem volt elég, és saját magát felakasztatta! Szégyent hozott az országára, nem kellene inkább valaki juhaira vigyáznia, ahelyett, hogy uralkodik?” – gúnyolódott. Ez a gúnyolódás a másik kán fülébe jutott, és nagyon megsértődött. Az egész országban kihirdette: „Az isten nevére esküszöm, bárki is légyen az a ravasz ember, megbocsátok neki, jöjjön hozzám, fedje fel magát. Meg akarom bízni egy feladattal, ha azt teljesíti, a korábbi bűneit megbocsátom, és hozzáadom a lányomat, a saját vőmmé teszem!” Meghallotta ezt a fiú is: „Történjen, aminek történnie kell, felfedem magam!” – gondolta, és elment a kánhoz, felfedte magát. Akkor így szólt a kán:

– Találd meg a módját, hogy azt a bizonyos kánt földönfutóvá tegyed, hozd el hozzám, és minden vétkeidet megbocsátom, még a lányomat is neked adom!

A fiú úgy vélte, hogy a kán által rábízott feladat nem nehéz, és elfogadta. A városban élő összes mestert magához kérette, és készítetett

алыпты. Шаһардағы бар ұсталарды жидырып, әуелі бұларға темірден бір бітеу арба соқтырыпты, оның іші-сыртына қоңырау байлатыпты және жұп-жұқа түнікеден әйдік бір шоқпар жасатып, оны қолына алыпты және бір көк серкені сойдырып, терісінің жүн жағын сыртына қаратып үстіне киіп, терінің қылшығына бірнеше қоңырауды тағы байлапты, сөйтіп, бір көрім секілді болып, әлгі арбаға мініп, түнікеден қалқан көтеріп, шоқпарды иініне салып манағы ханның шаһарына келіп кіріп, теке болып бақылдап, қоңыраулатып айқай салыпты.

– Мен, мен – құдайдың жіберген періштесімін! Бұл шаһардың ханы залым болыпты. Ей, бұқара халық! Құдай тағала сендерге: залым ханыңызды өз қолдарыңызбен ұстап, байлап, менің бітеу арбама салып беруге бұйрық қылды. Сонда құдай тағала сендерге риза болады. Егер оны қылмай, ханыңызға болыссандар, маған бұйрық қылды: біреуінді тірі қалдырмай, қолымдағы он мың пұт шоқпармен шаһарыңның кірпішін тас-талқан қып, топырақ етіп, шаң-тозаңын ұшырып жіберемін! – депті.

Сонда шаһардың халқы тазшаның айбатынан қорқып: «Қой, өз басымыздың амандығы керек! Мынау құдайдың жіберген пәлесіне қарсы тұрып болмас!» – деседі де, ханын ұстап, байлап, бітеу арбаға салып беріп, «періште» тазшаны жалынып – жалпайып жөнелтіпті.

Тазша ханды пенде қылған бойымен алып келіп, өз ханына тапсырыпты.

Сонда бұл хан тұрып, тұтқын ханға:

– Я, маған күле беруші едің, өзің неғып мұндай күйге жолықтың? Мұнан былай күлме! Менің жұртымда осындай өнерлі адамдар бар! – деп мақтаныпты.

Ақырында, екі ханның екеуі де тазшаның өнеріне риза болып, екеуі де бұған қыздарын беріп, тазшаны өздеріне әрі күйеу, әрі ақылгөй қылып ұстапты.

velük egy zárt szekeret vasból, annak elejére-hátuljára csengőket függesztetett. Bádognál egy bunkósbót készíttetett, melyet a kezébe vett. Egy szürke bakkecskét megnyúzatott, a bőrét a gyapjas részével a hátára terítette, és a csimbókokra néhány csengőt erősített, így nagyon rút külsőt öltött. Felszállt a szekérre, a bótot a vállára vetette, és az említett kán városába ment. A városba érve mekegni kezdett, mint egy kecske, rázta a csengőket és így kiabált:

– Engem isten küldött, én egy angyal vagyok! Ennek a városnak a kánja teljesen elaljasodott. Ej, emberek! A magasságos isten azt parancsolta, hogy alávaló kánokat saját kezűleg fogjátok el, kötözzétek meg, és az én zárt szekéremre rakjátok. Akkor a magasságos isten elégedett lesz veletek. Ha nem teljesítitek a parancsát, és a kánok mellett kitartotok, akkor megparancsolta, hogy egy embert se hagyjak életben, és a kezemben levő tízezer font súlyú bunkósbóttal a város vályogkunyhoit porrá zúzzam, földig romboljam, porát pedig szélnek eresztsem! – mondta.

A város népe megijedt a fiú fenyegetésétől: „Jaj, irgalmazz szegény fejünknek! Az isten által ránk küldött csapással nem szállhatunk szembe!” – mondták, és elfogták a kánt. Megkötötték, és a zárt szekérre vetették, az „angyal” fiúhoz rimánkodva esedeztek.

A fiú az ily módon szolgává tett kánt elvitte, és átadta a saját kánjának. Az felállt, és így szólt a fogoly kánhoz:

– Na, jókat neveltél rajtam, de te hogy kerültél ilyen helyzetbe? Ezután ne merészelj kinevetni! Látod, az én országomban ilyen furfangos emberek vannak! – büszkélkedett.

Végül a ravasz fiú tudományával elégedetten, mindkét kán hozzáadta a lányát, a minden hájjal megkent fiút vejükké és tanácsadójukká tették.

Тоғыз Тоңқылдақ, Бір Шіңкілдек

Ертеде екі қатыны бар бір адам болыпты. Мұның үлкен қатынынан тоғыз ұлы бар екен, тоқалынан бір-ақ ұлы бар екен. Үлкен қатынынан туған тоғыз ұл зорлықшыл болыпты. Сондықтан оларды жұрт: «Тоңқылдақ» деп атапты. Бәйбішеден туған тоғыз тоқалдан туған жалғыз ұлды шырылдатып, зорлық қыла беретін болған соң, оны жұрт: «Шіңкілдек» деп атапты.

Әкесі өлген соң, бұлар аз ғана малдан айырылып, жұтап қалады. Бәрі қаңғырып, мал іздеп, бір жерге келеді. Тоғыз Тоңқылдақ малды бірге жаяды, Шіңкілдек малды бір бөлек жаяды. Тоғыз Тоңқылдақ бір Шіңкілдекке қастық қыла береді.

Бір күні Шіңкілдектің далада жайылып жүрген жалғыз ешкісін Тоғыз Тоңқылдақ өлімші етіп сабайды. Шіңкілдек жылап, ешкісін бауыздап, сойып отырса, бір алты ақ ала бас атан жайылып, мұның қасына келіпті. Шіңкілдек ешкісінің қанын түйелердің басына жағыпты. Содан кейін бұлардың бәрі де қызыл ала бас атан болыпты.

Біраздан соң бір кісі келіп, Шіңкілдекке:

– Шырағым! Бір алты ала бас атан көрдің бе? Мына бір алты қызыл ала атан сенікі ме? – депті.

Шіңкілдек:

– Басқа түйе көргенім жоқ, – дейді.

Кісі кетіп қалған соң, Шіңкілдек ешкісінің етін қызыл ала бас атанның біреуіне өңгеріп, өзгесін үйіне айдап келеді. Шіңкілдектің алты атан айдап келгенін көріп, Тоғыз Тоңқылдақ келіп:

– Е, Шіңкілдегім! Бұл алты қызыл ала бас атанды қайдан әкелдің? – деп сұрайды.

Шіңкілдек:

– Ойбай, құдайдың өзі берді! Осы түйелер келді де, ешкімнің қанын бастарына жағып, иесіне танытпай, менің түйем болып

Kilenc Duhaj és Visító

Élt egyszer egy ember, akinek volt két felesége. Az első feleségétől kilenc, a másodiktól egyetlen fia született. Az első feleségétől született kilenc fiú erőszakos volt. A nép ezért elnevezte őket „Duhajoknak”. Ez a kilenc fiú a másodiktól született egyetlen fiút folyton bántotta, ő pedig visító hangot adott ki, ezért a nép őt „Visítónak” hívta.

Miután apjuk meghalt, kifogytak a kevés vagyomból, elszegényedtek. Vándorútra indultak vagyont gyűjteni. Kilenc Duhaj együtt, Visító pedig külön tartotta a vagyonát. Kilenc Duhaj mindenben ártani próbált Visítónak.

Egy napon, amíg Visító a mezőn kóborolt, egyetlen kecskéjét Kilenc Duhaj majdnem halálra verte. Miközben Visító nagy búsán elvágta kecskéjének a torkát, egyszer csak hat tarkafejű teve tévedt mellé. Visító a kecske vérét a tevék fejére kente. Így azok mindegyike piros-tarka fejű lett.

Valamivel később jött egy ember, és megkérdezte Visítót:

– Kedves fiam! Nem láttál erre hat tarkafejű tevét? Ez a hat vörös-tarka teve a tiéd?

Visító így válaszolt:

– Nem láttam más tevéket erre.

Miután az ember elment, Visító a kecske húsát felrakta egy vörös-tarka fejű tevére, és a többiekkel együtt hazahajtotta. Kilenc Duhaj meglátta, ahogy Visító terelte hat tevéjét, odamentek és megkérdezték:

– Ej, Visító, ezt a hat vörös-tarka fejű tevét ugyan honnan szerezted?

Visító:

– Ó, hát maga isten adta! Amikor a tevék jöttek, a kecském vérét a fejükre kenték úgy, hogy a gazdájuk sem ismerte meg őket, így az én tevéim lettek. A kecske vére elfogyott, pedig ha több lett volna, több teve megfesthette volna a fejét, mind az enyém lehetett volna –

қалды. Ешкінің қаны таусылып қалды. Егер де көп болғанда, көп түйе, басын бояп, бәрі менікі болатын еді, – дейді.

Тоғыз Тоңқылдақ жалма-жан өзді-өзі ақылдасып: «Ойбай, біз де түйелі болайық!» – деп, ертеңіне барлық ешкілерін далаға апарып бауыздап, қандарын әр жерге құйып, күні бойы андып отырып еді, бір де түйе келіп, басын боямайды. Сонан соң бұлар: «Қап бәлем, Шіңкілдек бізді алдаған екен!» – деп үйлеріне қайтып, Шіңкілдекті өлтірмек болады. Шіңкілдек мұны біліп, өзі далаға барып, жасырынып жатады. Түнде Тоғыз Тоңқылдақ, келіп, Шіңкілдек екен деп, Шіңкілдектің ұйықтап жатқан шешесін өлтіріп кетеді.

Таңертең Шіңкілдек өлген шешесін киіндіріп, басына жаулығын орап, тірі кісіше бір түйесіне отырғызып, өзі артына мініп, бір елге қарай жүреді. Жүріп бара жатқанда, бұларды Тоғыз Тоңқылдақ көріп: «Бұл неге өлмеген?» – деп, таңғалысып, Шіңкілдектен сұрай бастайды.

– Әй, Шіңкілдек, сен өлген жоқ па едің? – деседі. Шіңкілдек:

– Түсімде бір тоғыз кісі келіп, өлтіріп еді, құдайдың өзі тұрғызып жіберді. «Сені өлтірем дегендердің өзі мерт болады!» – деді, – деп жүре береді.

Тоғыз Тоңқылдақ қорқып, таң-тамаша болып қалады.

Шіңкілдек жол жүріп, бір ауылдың жанынан өте бергенде, бір топ бала-шаға, қыз-келіншектер шығып, ит қосып Шіңкілдектің түйесін үркітті. Түйесі үркіп, шешесі мен Шіңкілдек жығылып қалады. Шіңкілдек ойбай салып жылап, өліп жатқан шешесінің басын құшақтап отырады. Жұрт жиналады.

– Не болды? Не болды? – деп, келіп сұраған жұрт, Шіңкілдектің өлген шешесін көреді. Шіңкілдек:

– Мына қыздар түйемді үркітіп, шешемді өлтірді. Ең алдымен келіп, түйені үркіткен ана қыз! – деп бір сұлу қызды көрсетеді.

Ауыл адамдары олай сөйлесіп, былай сөйлесіп, құнға Шіңкілдекке сол қыздың өзін береді. Шіңкілдек қызды алып, үйіне келеді. Келген соң, Тоғыз Тоңқылдақ жиналып:

– Ой, қызды қайдан әкелдің? Қызды қайдан әкелдің? – деп сұ-

mondta.

Kilenc Duhaj egymás között gyorsan tanácskozni kezdett: „Nohát, akkor legyen nekünk is tevénk!” Másnap az összes kecskéjüket kihajtották a mezőre, elvágták a torkukat, vérüket mindenfelé kiöntötték, és egész nap lesben álltak. De nem jött semmilyen tevé, hogy a fejét befesse. „Úgy tűnik Visító becsapott minket!” – mondták, és hazamentek. Elhatározták, hogy megölik Visítót. Visító tudta ezt, ezért kiment a mezőre, és ott meghúzódott. Éjszaka eljött Kilenc Duhaj, és mivel azt hitték, hogy Visító az, megölték az alvó anyját.

Reggel Visító halott anyját felöltöztette, fejére kendőt tekert, és élő ember módjára egy tevére ültette, ő maga pedig mögé szállt, és útra kelt. Útközben meglátta őket Kilenc Duhaj, nagyon elcsodálkozta: „Ő hogyhogy nem halt meg?” Meg is kérdezték tőle:

– Ej, Visító, hát te nem haltál meg?

– Álomban egyszer csak jött kilenc ember, és megöltek. Ezután maga isten támasztott fel. Majd így szólt: „Aki téged meg akar ölni, ő maga fog meghalni” – felelte Visító, és elment.

Kilenc Duhaj nagyon csodálkozott, és félt is.

Visító ahogy ment-mendegélt, épp egy falun ment át, mikor egy csoport gyerek és nő tűnt elő, kutyáik is odafutottak, és megijesztették Visító tevéjét. Ezért Visító és az anyja leestek. Visító jajgatva-sírva átkarolta holtan fekvő anyja fejét. Az emberek köréjük gyűltek.

– Mi történt? Mi történt? – kérdezték látva Visító halott anyját.

Mire Visító:

– Azok a lányok megijesztették a tevémet, és így megölték az anyámat. Az a lány jött legelő, és megijesztette a tevémet! – mondta, és egy szép lányra mutatott.

A falu népe tanácskozott így, tanácskozott úgy, végül odaadták a lányt cserébe. Visító fogta a lányt, és hazament. Miután megérkezett, köré gyűlt Kilenc Duhaj:

– Ó, hát a lányt honnan szerezted? Honnan szerezted a lányt? – kérdezték.

Visító így válaszolt:

– Egy faluba mentem, ahol összegyűjtik a halott öregasszonyokat,

райды. Шіңкілдек:

– Бір ауылға барып едім, өлген кемпірді жинап, базарға апаруға дайындалып жатыр екен, әрбір кемпірдің орнына бір қыздан беріп жатыр екен. Сонан соң шешемді өлтірдім де, оны апарып беріп, мына қызды алдым! – дейді.

Тоғыз Тоңқылдақ жалма-жан өз шешесін өлтіріп, қыз береді деген жерді іздеп жөнеледі. Өлген шешесін алып, неше күн жүріп, бір ауылға апарып: «Мына өлген кемпірге кім қыз береді?» – деп сұраса, жұрт: «Мына оңбағандар не айтады?» деп, өздерін сабап-сабап жіберіпті. Тоғыз Тоңқылдақ Шіңкілдекке қатты ашуланып қайтады.

Олар шешесін өлтіріп, алып кеткенде, Шіңкілдек өзінің әкелген қызы мен екеуі үйінің жанында тұр еді, бір кісі келді. Шіңкілдектен жөн сұрап:

– Шырағым, мына бала қарындасың ба? – дейді. Шіңкілдек:

– Иә, қарындасым, – дейді. Кісі:

– Қатыным өліп, әйел іздеп шығып едім. Жүз қой алып, қарындасынды маған бер! – дейді.

Шіңкілдек: «Тағы да бірдеме қылып, қатын тауып алармын», – деп ойлайды да:

– Жарайды, берейін, – деп қызды әлгі кісіге береді.

Кісі уәделесіп:

– Өзің келіп қойыңды алып кет, – деп, қызды әкетеді.

Тоғыз Тоңқылдақ өз шешесін өлтіріп, қыз ала алмай, ашуланып: «Енді қайтсек те Шіңкілдекті өлтіреміз!» – деп келсе, Шіңкілдектің қызы жоқ, өзі отыр. Тоғыз Тоңқылдақ:

– Е, қызың қайда? – дейді.

– Ойбай! «Енді өлі кемпірдің де, тірі кемпірдің де керегі жоқ!» – деп, қыз берген ауылдың адамдары келіп, қызын тартып алып кетті – дейді. Тоғыз Тоңқылдақ:

– Ой, сен иттің кесіріңнен біз де шешемізді өлтіріп алдық, – деп, былай шығып: «Бәрібір, мұны өлтіру керек!» – десіп, уәделесіп қояды.

Шіңкілдек оны сезіп, кешке: «Түйемді күзетем» деп, киініп,

kiviszik őket a piacra, mert minden öregasszonyért cserébe egy lányt adnak. Ezért aztán megöltem az anyámat, s ezt a lányt kaptam!

Kilenc Duhaj azon nyomban megölte a saját anyját, és útnak indultak, hogy megkeressék azt a vidéket, ahol lányt lehet kapni. Vitték halott anyjukat, és napokon át vándoroltak, mígnem egy faluba értek: „Ki ad lányt ezért a halott öregasszonyért?” – kérdezték. Mire a nép: „Mit beszélnek ezek az átkozottak?”, és elzavarták őket. Kilenc Duhaj borzasztó dühösen tért vissza.

Míg ők megölték az anyjukat, és hurcolták, Visító és a lány a házuk mellett álldogáltak. Egy ember jött oda hozzájuk. Visítóhoz fordult:

– Kedves fiam, ő a kishúgod? – kérdezte.

– Igen, a húgom – felelte Visító.

Mire az ember:

– A feleségem meghalt ezért elindultam, hogy asszonyt keressek. Száz birkát kapsz, ha nekem adod a húgodat!

Visító ezt gondolta: „Kitalálok valamit, és szerzek még egy asszonyt!”

– Jól van, odaadom – mondta, és a lányt odaadta az embernek.

Az ember elfogadta:

– Te pedig gyere el, és megkapod a birkákat – mondta, azzal a lányt magával vitte. Kilenc Duhaj dühöngött, hogy megölte saját anyját, de nem kapott érte lányt: „Amint visszaérünk megöljük Visítót!” Látják ám, hogy a lány már nincs Visítóval, egyedül maradt.

– Ej, hát hol a lány? – kérdezte Kilenc Duhaj.

– Ó, jaj! Eljöttek a faluból az emberek, ahonnan a lányt adták, és magukkal vitték mondván, hogy „most se halott, se élő öregasszony nem kell” – válaszolta. Erre Kilenc Duhaj:

– Ó, te kutya! Miattad mi is megöltük az anyánkat – majd távozáskor megállapodtak: „Mindegy, őt akkor is meg kell ölni.”

Visító megtudta ezt, és este felöltözött, hogy elmenjen a tevéit őrizni. Úgy tett, mintha a tevék mellé feküdne. Összekevert homokot és gyapjút, majd ezzel az inget-nadrágot megtöltötte, a fejére egy rossz sapkáját tette, embert formált belőle, mintha ő maga volna, és a tevék mellé fektette. Maga máshova ment, és elbújt. Éjjel eljött Kilenc Duhaj, azt hitték, hogy a kézzel készített ember Visító maga, megfojtották,

түйелерінің қасына жатқан болады. Құм мен жүнді араластырып, жүнмен көйлек-шалбарын толтырып, кептеп, басына жаман тымағын баса кигізіп, өзі тәрізді адам қылып, түйелерінің қасына жатқызып, өзі бір жерге барып бұғып жатады. Түнде Тоғыз Тоңқылдақ келіп, Шіңкілдектің өзі деп, манағы оның қолдан жа-саған «адамын буындырып өлтіреді» де, көтеріп апарып, ағып жатқан терең өзенге тастайды. Оны Шіңкілдек көріп алып, қызды алған кісіні іздеп, түнде жүріп кетеді. Қызды алған кісіден екі-үш күнде жүз қой алып келеді.

Мұны көріп, енді Тоғыз Тоңқылдақ тіпті қатты таңданады. Бәрі Шіңкілдекке келіп:

– Ой, сен суға кетіп өлген жоқ па едің? Мына қойды қайдан әкелдің? – дейді. Шіңкілдек:

– Анау күнгі мені өлтірген тоғыз кісі тағы да өлтіріп, суға тастап еді. Суға батқан соң, құдай тағы да тірілтіп жіберді. Кө-зімді ашып қарасам, судың асты толған қой екен. Содан мына жүз қойды әрең айдап шықтым. Егер де көп кісі болғанда, аяқ ас-тынан көп қой айдап шығатын екен. Барғанда, кісі қойын-қоны-шына тас толтырып бару керек екен. Әйтпесе, кісі судың түбіндегі қойдың көп жеріне бара алмайды екен! – дейді. Мұны естіп Тоғыз Тоңқылдақ:

– Ойбай, ендеше дәл қойдың көп жерін көрсет, біз де түсіп айдап шығайық! – дейді.

Шіңкілдек Тоғыз Тоңқылдақты ертіп, ағып жатқан өзеннің ең терең шымырлаған жеріне келіп:

– Ең қойы көп жер осы екен, – дейді.

Тоғыз Тоңқылдақтың әуелі біреуі тас байлап, суға түсіп, қолын ербендетіп, батып кетеді. Шіңкілдек:

– Ойбай, анау қолын бұлғап: «Бәрің де тез түс!» – деп жатыр. Қалың қойға киліккен екен. Бәрің де тез түсіңдер! – дейді.

Тоғыз Тоңқылдақтың өзгелері де суға қойып-қойып кеткенде, оларды су ағызып ала жөнеледі. Сөйтіп, Тоғыз Тоңқылдақтың бәрі де суға кетіп, Шіңкілдек тапқырлықпен өмір сүреді.

majd a hömpölygő mély folyóhoz vitték, és beledobták. Láta ezt Visító, és éjjel elindult, hogy megkeresse az embert, aki a lányt elvitte. Miután megkapta tőle a száz birkát, két-három nap múlva vissza is tért.

Amikor ezt meglátta Kilenc Duhaj szerfölött elcsodálkozott. Mindannyian Visítóhoz mentek:

– Ó, hát te a vízben nem haltál meg? Ezeket a birkákat honnan szerezted? – tudakolták. Visító:

– Az a kilenc ember, aki korábban megölt engem, megölt még egyszer, és a vízbe dobott. Miután a vízbe süllyedtem, isten ismét csak életre keltett. Amikor kinyitottam a szemeimet, láttam, hogy a víz mélye tele van birkával. Azután alig tudtam ezt a száz birkát felterelni. Ha több ember lett volna, egyszerre több birkát terelhetett volna fel. Ha valaki le akar menni a keblét és a zsebét kövekkel kell megtöltenie. Máskülönben az ember nem tud lejutni a víz fenekére, ahol az a sok birka van – mondta.

A kilenc Duhaj ezt meghallván kérlelni kezdte:

– Ugyan mutasd meg azt a helyet, ahol a legtöbb birka van, mi is leereszkedünk terelni!

Visító a kilenc Duhajt elvezette a hömpölygő folyó legmélyebb pontjához:

– Ez az a hely, ahol a legtöbb birka van – mondta.

Először a kilenc Duhaj közül egy, kövekkel megrakva a vízbe ereszkedett, majd kapálózva elsüllyedt.

Mire Visító:

– Ó, azért integet, hogy mindenki gyorsan menjen be! Bizonyára sok birkát talált. Mindenki gyorsan menjen be!

A többiek is a vízbe vetették magukat, s a víz elsodorta őket. Így mind a kilenc Duhaj vízbe veszett, Visító pedig találékonyasága miatt életben maradt.

Алпысқа келгеннен ақыл сұра

Бұрынғы өткен заманда бір хан өзінің қол астындағы халқына жар салады.

Бүкіл халық жиналған соң, хан:

– Кімде-кімнің әкесінің жасы алпыстан асқан болса, ол шалды айдалаға алып барып тастау керек. Жасы алпыстан асқан шалдың не керегі бар. Оның қолынан іс келмейді. Үйде жатып, тапқан таянғандарыңды ішіп-жегеннен басқа оның бітірер ісі жоқ. Шалдарыңды құртыңдар! Ал мұны қабыл алмағандардың басын аламын! – дейді.

Хан жарлығы екі бола ма? Жаңағы сөзді естіген халық: «Шал әкемізді аман алып қаламыз деп жүргенімізде, өзіміздің басымыз кетер, ханның дегені-ақ болсын», – дейді. Ханның үкімі жүзеге асырылып, көп замандар бойы жұртқа міндетті заң болады. Жасы алпысқа келгенше шалдар өз ажалынан өлсе өледі, өлмесе елсіз жерге апарып тасталып, ит-құсқа жем болады. Бірқатары шалдарды таудың жағасындағы дарияға тастап өлтіретін болған.

Бір баланың әкесінің жасы алпыстан асқан екен. Әкесін үйге сақтап, елге көрсетіп қоюға болмайды. Жасы болса келді. Өлетін де түрі жоқ, шал әлі ширақ. Сондықтан бала әкесін арқалап, таудан асып, терең дарияның жағасына тоқтайды. Әкесін бір тастың үстіне отырғызып, өзі де отырып, дем алады. Әкесі оған күледі, ал баласы қайран қалады, «Шалды өлтіруге алып келемін, бұл неге жетісіп күледі?» – деп ойлайды да, бала әкесінен сұрайды:

– Әке! Мен сізді өлтіруге алып келемін, сіз не үшін күлесіз? – дейді.

Сонда шал байғұс:

– Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер, – деген мақал бар ғой, балам. Мен де осыдан отыз жыл бұрын әкемді өлтіруге алып келе жатып, осы тасқа отырғызып едім. Әкем өмірді қимай жылап: «Ең

Attól kérj tanácsot, aki elmúlt hatvan

Egyszer régen egy kán parancsot hirdetett a birodalmában élő népnek.

Miután az egész nép összegyűlt, így szólt a kán:

– Bárki apjáról legyen is szó, amikor az eléri a hatvan évet, az öregembert a pusztába kell vinni, és magára hagyni. A hatvan évesnél öregebb embernek nincs haszna. Dolgozni már nem tud, csak fekszik a házban, és nem csinál mást azon kívül, hogy megessi s megissza azt, amit ti megkerestek. Pusztítsátok el az öregeket! Aki pedig ezt nem teszi, annak fejét vétetem!

A kán parancsát nem kell kétszer mondani. Az új parancsot meghallva a nép így szólt: „Ha azt mondjuk, hogy öreg atyáink egészségesek, akkor saját fejünk veszik oda; legyen hát a kán akarata szerint.” A kán döntését végrehajtották hát, és hosszú időn keresztül az országban kötelező törvény volt. Ha az öregek nem haltak meg hatvan éves koruk előtt, a kietlen pusztába vitték őket, otthagyták farkasok eledeléül. Néhány öreget a hegy lábánál levő folyóba löktek.

Egy fiú apja betöltötte a hatvan évet. Az öreget a házban bújtatta, elrejtette az emberek szeme elől. A kora utolérte őt. Meghalni még nem akart, dolgos öreg volt. Végül a fiú csak a hátára vette az apját, átkeltek a hegyen, s megálltak a mély folyó partján. Apját egy kőre ültetve ő maga is leült, s nagyot sóhajtott. Az öreg meg csak nevetett rajta. A fiú elcsodálkozott. „Azért jövök, hogy megöljem az öreget, hát mit tud ezen nevetni?“, ahogy ezt végiggondolta, meg is kérdezte apjától:

– Apám! Én idehoztam, hogy megöljem, miért nevet hát?

Erre a szerencsétlen öreg így szólt:

– Amit az őseiddel teszel, veled is megtörténik, tartja a közmondás gyermekem. Harminc évvel ezelőtt én is elhoztam ide megölni az apámat, és leültettem erre a kőre. Apám sírt, hogy ne öljem meg, s könyörgött, hogy legalább egy évig rejtsem el őt a házban. Nekem élnem kell, miatta nem akarok meghalni, s kisírt szemére pillantást se vetve gyor-

болмаса бір жыл жасырып сақта», – деп маған жалынып еді. «Маған өмір керек, сен үшін өлер жайым жоқ», – деп жылаған көз жасына қарамай, дарияға лақтырып жіберіп едім. Енді міне сол хал өз басыма келгеніне күлемін, жалынып жылағаннан не пайда? – дейді.

Сонда бала: «Менің басыма да келеді ғой», – деп ойлайды да, әкесін өлтірмей қайта алып қайтып, сандыққа салып, еш адамға көрсетпей жүреді.

Күндерде бір күн хан алыс жолға әскер жүргізбекші болып, бүкіл елге жар салып, жігіт жинайды. Бұл жорыққа баяғы жасырынып жатқан шалдың да баласы бармақшы болады. Бұл хабар жұртқа тегіс жайылған соң, шалға баласы:

– Пәлен жаққа хан әскер жүргізбекші, мен баратын болдым, – дейді.

Шал:

– Балам, ол жол – жаман жол, суы жоқ шөл! Мені де бірге алып жүр, – дейді. Бала әкесін сандыққа салып, өгізге теңдеп алып, көп әскермен бірге жол жүреді. Әскер жүре-жүре елсіз далаға, сусыз шөлге шығып кетеді. Әскерлер су таба алмай, шөлдеп қырылатын болады. Хан: «Су тапқан адамға мың ділда алтын беремін», – деп жар салады. Бірақ, ешбір адам таппайды. Сонда шал:

– Балам, неғып кідіріп қалдыңдар? – дейді.

Бала:

– Хан: «Су тапқан адамға сұраған нәрсесін беремін», – деп жар салып жатыр, – дейді.

Сонда шал баласына:

– Өгізді босатсаң, су табылады. Суы бар жерді ол иіскелеп сүзеді, сол жерді қазса, су шығады, – дейді

Бала әкесінің айтуынша өгізді босатып жібереді: өгіз мөңіреп барып, бір жерді сүзе құлайды, дереу әлгі жерді қазса су шыға келеді. Өлер халге келген әскердің бәрі су табылған соң, су ішіп, шөлдері қанып, бұл жерден аман-есен жүріп кетеді. Баланың бұл ісіне хан қайран болады: «Бұл қалай тапты екен?» – деп ойлайды да жүреді.

Арада неше күндер жол жүріп, ханның әскері бір үлкен теңіз-

san a folyóba löktem. Most azon nevetek, hogy ugyanez történik velem is. Mi haszna a könnyörgésnek és sírásnak?

Erre a fiú így gondolkozott magában: „Velem is ez történik majd”, és apját nem ölte meg, hanem ismét hátára vette, és visszafordult. Apját egy ládába rejtette, és senkinek se mutatta.

Egy nap a kán seregével távoli hadjáratra készült, s minden országban kihirdette, hogy legényeket toboroz. A rejtegetett öreg fia is menni készült erre a hadjáratra. Miután a hír elért hozzájuk is, azt mondta a fiú az öregnek:

– A kán katonákat toboroz, én is menni akarok.

– Fiam, az az út rossz út, víz nélküli sivatag! Engem is vigyél magaddal.

Ezzel a fiú ládába tette az apját, felrakta egy ökörre, és a sok katonával együtt útnak indult. A sereg ment mendegélt a kietlen pusztákon, míg elértek a víz nélküli sivatagba. A katonák nem találtak vizet, a szomjúságtól majd meghaltak. A kán kihirdette, hogy ezer aranyat ad annak, aki vizet talál. De egyikük se talált.

Erre így szólt az öreg:

– Fiam, miért álltatok meg?

A fiú azt felelte:

– A kán azt mondta, hogy annak az embernek, aki vizet talál, mindent megad amit csak kér.

Erre azt mondja az öreg a fiának:

– Ha elengeded az ökröt, talál vizet. Amikor megérzi a vizet, öklelni kezd, ott áss, és feltör a víz.

A fiú apja szavai szerint elengedte az ökröt, ment az ökör bölgve, s egy helyen öklelt, majd földre ereszkedett. Amint a fiú ásni kezdett, víz tört elő. Miután a haldokló katonák mind ittak a megtalált vízből, szomjukat csillapítva tovább indultak. A kán a fiú dolgán elgondolkodott: „Vajon hogyan találta meg ez a fiú?”

Mentek tovább. Néhány nap múlva a kán serege egy nagy tengerhez ért. A tengerhez érve meglátták, hogy a fenekén két drágakő csillog. Amikor a kán ezt meglátta, újból parancsot adott:

– Aki ezt a kettőt felhossa nekem, kinevezem magam mellé

ге келеді. Теңізге келіп көз салса, теңіздің түбінде екі гауһар тас жарқырап жатыр екен. Хан мұны көріп, тағы да жар салады:

– Осы екеуін маған алып берген адамды өзіме уәзір етіп аламын және сұраған нәрсесін беремін! – дейді.

Бұған қызығып, талай мықты адамдар суға сүңгіп, сан адамдар суға кетеді. Бірақ гауһарды ешкім тауып ала алмайды.

Сандықта жатқан шал баласынан:

– Неге тоқтап қалдыңдар? – деп сұрайды. Баласы:

– Үлкен теңізге келдік, түбінде екі гауһар жанып тұр, соны әперген адамды хан өзіне уәзір қып, сұраған нәрсесін беретін болды. Оны еш адам таба алмай жатыр, – дейді. Шал:

– Балам! Ол гауһар судың түбінде емес, теңіздің жағасында болуы мүмкін. Айналаңа қарашы, құстың ұясы бар ма екен? – дейді.

Баласы қарайды. Қараса, теңіздің жағасынан бір бәйтерек шығып тұр, басына құс ұя салған екен, мұны көріп бала әкесіне:

– Бар екен, – дейді. Шал:

– Гауһар суда емес, сол құстың ұясында; суға сол ұядан сәулесі түсіп тұр; ол гауһар бұл жерде болмайды, оны құс ұясына алып келеді. Есінде болсын, бұл жолы хан: «Басыңды алам», – деп қысым көрсетіп шыныңды айтқызады. «Күнәмді кешір», – деген уәдесін алып шыныңды айтарсың, – дейді. Бала ханға келіп:

– Гауһарды мен табамын, – дейді. Хан:

– Тапсаң, сұрағаныңды беремін, әрі уәзірім боласың, – дейді.

Бала жаңағы ұядан гауһарды алып береді. Хан бұған:

– Сен мұны қалайша ойлап таптың? Өз ақылың емес қой, шыныңды айт! – дейді.

Бала көп қысым көріп, дарға тартылар мезгілде шынын айтады.

Хан шалды сандықтан шығарып, баласын уәзір етеді де, елге келген соң: «Шалдар өлтірілсін!» – деген бұрынғы заң жоғалсын. «Кәріні сақтау керек», – деп қайтадан елге жарлық таратыпты. «Алпысқа келгеннен ақыл сұра!» – деген мәтел осыдан қалған екен.

vezírnek, és mindent megadok, amit csak kér.

Ezen felbuzdulva sok erős ember a vízbe merült, közülük sokan a tengerbe fúltak. De a drágakövet senki sem tudta felhozni. A ládában levő öreg ekkor megkérdezte fiától:

– Miért álltatok meg?

A fiú így válaszolt:

– Nagy tengerhez értünk, annak fenekén két drágakő ragyog. Aki azt felhozza, azt a kán vezírévé teszi, s amit csak kér megad neki. De azt egyetlen ember sem tudja felhozni. Erre az öreg:

– Fiam! Az a drágakő nem a tenger fenekén van, hanem a parton lehet. Nézz körül, látsz-e madárfészket?

A fiú körbenézett. Mikor meglátta, hogy a tengerparton áll egy nyárfa, és annak a tetején madárfészkek van, szólt az apjának:

– Igen, látok. Erre az öreg:

– A drágakő nem a vízben van, hanem ennek a madárnak a fészkeiben, s ebből a fészkekből tükröződik a vízbe; az a drágakő nem itt volt, azt a madár vitte a fészkebe. Vésd eszedbe, hogy a kán azzal fenyeget majd, hogy a fejedet veszi, ha nem mondasz igazat. Ígéertesd meg vele, hogy megbocsát, majd azután mondd el az igazat.

A fiú a kánhoz ment, s így szólt:

– Én elhozom a drágaköveket.

Erre azt feleli a kán:

– Ha megtalálod, kérésedet teljesítem, és a vezírem leszel.

A fiú kivette a fészkekből a drágakövet, és átadta. A kán erre:

– Hogy találtad meg? Hisz nincs ennyi eszed, mondd meg hát az igazat.

A fiú mikor látta, hogy kényszerítik, s fel akarják akasztani, elmondta az igazat.

A kán kivette a ládából az öreget, annak fiát vezírré tette, s mikor ismét az országban járt a korábbi törvényt, miszerint „az öregeket öljétek meg!” eltörölte, s helyette új parancsot adott ki: „Az időseket védeni kell!” Innen ered az a mondás, hogy „Attól kérj tanácsot, aki elmúlt hatvan”.

Қарттың ұлына өсиеті

Бір бай өлер уақытында ұлын шақырып алып:

– Ұлым, мен өлген соң жұма сайын қыз алып, қала сайын үй сал. Ас жесең, бал же, – деп өсиет айтыпты.

Бай дүниеден өтіп, ұлы атасының өсиетін орындай бастайды: жұма сайын қыз алып, қала сайын үй салады. Ас ішсе, бал ішіп, ақшасын бітіреді. Сөйтіп, жігіт жарлы болады. Бір күні жігіт далаға шығып біраз жүріп, бір үйілген тастың тасасына отырып, бөркін қолына алып, басын ұстап отырған уақытта, бір жақтан бір шал келіп жігітке сәлем береді. Жігіт сәлемін алған соң, ол адам жанына отырады да жігітке:

– Неғып отырсың? – дейді. Жігіт:

– Жәй отырмын, – деп жауап береді.

Шал:

– Шыныңды айт! – деп қыса бастайды.

Жігіт еш нәрсе айтпайды. Шал:

– Сырыңды жасырма! Мен саған жақсылық көрсетемін, – дейді. Жігіт:

– Менің атам бай адам еді, сол атамның өлер алдында айтқан өсиетін орындаймын деп, кедей болдым, – дейді.

Шал:

– Қандай өсиет айтып еді? – дейді.

Жігіт:

– Әуелгі өсиеті: «Мен өлген соң жұма сайын қыз ал», – деп еді. Мен атамның сол өсиетін тұтып, жұма сайын қыз алдым. Екінші өсиеті: «Қала сайын үй сал», – деп еді. Мен қала сайын үй салдым. Үшінші өсиеті: «Ас ішсең, бал же», – деп еді. Мен бұл өсиетін де орындап, әр күні бал жедім. Солай етіп, үш жылда барлық ақшам таусылды, – дейді.

Шал тұрып жігітке:

Az öregember végrendelete fiának

Egyszer egy jómódú ember, amikor már halálán volt, magához hívatta a fiát, és ezt a végrendeletet hagyta:

– Fiam, miután én meghalok, minden pénteken vegyél el egy lányt, és minden városban legyen házad. Ha eszel, mézet egyél.

Amikor a gazdag ember eltávozott a világból, a fiú nekifogott, hogy teljesítse apja végrendeletét: péntekenként elvett egy lányt, minden városban lett egy háza. Ha evett, csak mézet evett, így a pénze hamarosan elfogyott. Ezért aztán az ifjú elszegényedett. Egy nap a legény kiment a pusztába, járt-kelt egy darabig, azután leült egy kőrakásra, prémes sapkáját a kezébe vette, és fejét támasztva így üldögélt, amikor valahonnan előkerült egy öregember, és köszöntötte az ifjút. Miután a legény fogadta az üdvözlést, az ember leült a fiú mellé, és megkérdezte:

– Miért ülsz itt?

– Csak úgy ülök – válaszolta a fiú.

Az öreg erősködött:

– Mondd el az igazat!

De a fiú csak nem beszélt.

– Ne rejtse el a titkot! Én jót akarok neked – mondta az öreg.

– Az apám gazdag ember volt, mielőtt meghalt testamentumot hagyott, és én teljesítettem, így szegény lettem.


– Milyen végrendeletet adott? – kérdezte az öreg.

– Az első tanács az volt: „Miután meghalok minden pénteken vegyél el egy lányt!” Én apám akaratát megtartva minden pénteken feleségül vettem egy lányt. A második tanácsa az volt: „Minden városban legyen házad!” Erre én minden városban építettem egy házat. A harmadik tanács szerint: „Ha eszel, mézet egyél!” Én ezt az akaratát is teljesítettem, és minden nap mézet ettem. Így történt hát, hogy három év alatt minden pénzem elfogyott – mesélte a fiú.

Az öreg erre így szólt:


– Сен атаңның өсиетін ұқпаған екенсің, өйткені атаңның: «Жұма сайын қыз ал», – дегені: «Әйеліңмен сыйлас бол, қадірінді кетірме. Сонда ғұмыр бойы тату-тәтті өмір сүресің», – дегені еді. «Қала сайын үй сал», – дегені: «Қала сайын достарың болсын, барғанда түсетін», – дегені еді. «Ас ішсең, бал же», – дегені: «Еңбек істеп ас ішсең, балдай тәтті болады», – дегені еді, – деп, қарт өз жөніне кетіпті.

Жігіт әкесінің терең мағыналы өсиетіне сонда ғана түсініпті.



– Nem jól értetted az apád végrendeletét. Amikor azt mondta: „Minden nap vegyél el egy lányt!”, arra gondolt hogy feleségedet tiszteld, ne veszítsd el a becsületedet. Így békés életed lesz. „Minden városban legyen házad”, az azt jelenti, hogy minden városban legyenek barátaid, így bármerre is jársz lesz kinél megszállnod. „Amikor eszel, mézet egyél”, pedig annyit jelent, hogy ha a munkádból eredő ételt eszed édesebb lesz a méznél is – mondta az öreg, majd folytatta útját.

Az ifjú csak akkor értette meg apja mélyértelmű testamentumát.



Зеректік

Үш жолаушы келе жатса, алдынан бір адам қарсы шығып:

– Беймезгіл жүрген түйе көздеріңе түспеді ме? – деп сұрады.

Жолаушының біреуі:

– Түйеңнің оң көзі соқыр ма еді? – дейді.

Жоқшы:

– Иә, – деп басын изейді.

Екінші жолаушы:

– Түйеңнің сол жақ артқы аяғы ақсақ па еді? – деп сұрайды.

– Дұрыс! Сол жақ артқы аяғының сылтығы бар еді, – дейді.

Сонан соң, үшінші жолаушы:

– Түйеңнің құйрығы шолақ па еді? – деп сұрайды.

Жоқшы:

– Иә, құйрығы шолақ, – деп асығып жауап береді де, – ол түйені қайда көрдіңіздер? – деп сұрай бастайды.

Жолаушылар:

– Көргеніміз жоқ, – дейді.

– Көрмесеніздер, түйемнің белгісін қайдан білдіңдер? Түйемді сендер ұрладыңдар! – деп, жоқшы жабыса кетеді.

Жолаушылар:

– Ау, жаным, денің сау ма? Түйеңді ұрламақ түгіл көргеніміз де жоқ, – дейді.

Жоқшы бұл жауапқа қанағаттанбайды. Төртеуі бір биге келіп, жүгінеді. Би сұрастыра келе:

– Ұрламасандар, көрмесендер, ол түйенің бейне-белгісін, көрген кісідей анықтап, байқап, қайдан білдіңдер? – дейді.

Жолаушылар:

– Біз ұры емеспіз, мал баққан, малмен көзімізді ашқан шаруаның балаларымыз, сондықтан білдік. Біз тоғышар емеспіз, – деп жауап береді.

Bölcsesség

Egyszer ment mendegélt három vándor, amikor felbukkant velük szemben egy ember:

– Nem láttatok egy gazdátlan tevét? – kérdezte tőlük.

Mire az egyik vándor:

– A tevéd jobb szemére vak volt? – kérdezte.

A kereső:

– Igen – bólintott.

A második vándor megkérdezte:

– A tevéd a bal hátsó lábára sántított?

– Így van! A bal hátsó lábára sántított.

Azután a harmadik vándor megkérdezte:

– A tevéd farka rövid volt?

Mire a kereső:

– Igen, a farka rövid – vágta rá sietve, majd rákérdezett: – Hol láttátok a tevét?

– Nem láttuk – hangzott a vándorok válasza.

– Ha nem láttátok, honnan tudjátok a tulajdonságait? Ti loptátok el a tevémet! – erősködött a kereső.

Így a vándorok:

– Ó, neked elment az eszed? A tevédet nem csak hogy nem loptuk el, de nem is láttuk – mondták.

A kereső nem elégedett meg ezzel a válasszal. Mind a négyen a bíróhoz mentek az igazukért. A bíró kérdezősködni kezdett:

– Ha nem loptátok el a tevét, és nem is láttátok, honnan tudjátok ennyire jól az ismertető jegyeit?

– Nem vagyunk tolvajok, egy pásztor fiai vagyunk, állatokkal együtt nőttünk fel, ezért tudjuk. Nem vagyunk mohók – felelték a vándorok.


– Honnan tudtátok? – kérdezte ismét a bíró.

A vándorok így válaszoltak:


– Қалай білдіңдер? – деп би қайта сұрайды.

Жолаушылар:

– «Түйенің оң көзі соқыр ма еді?» – дегеніміз: түйе бара жатып, ылғи жолдың сол жағындағы шөпті жепті, оң жақтағы шөпті жемепті. Аяғының ақсағын білгеніміз: тұрған жерінде, түйе артқы сол аяғын көтеріп тұрыпты. Түйенің құйрығы шолақ екенін білгеніміз: құмалақ тастағанда, алысқа жіберіпті. Шолақ түйенің құмалағы алысқа түседі, құйрықты түйе құмалағын алысқа тастай алмайды, – депті.



– Azért kérdeztük, hogy a teve a jobb szemére vak volt-e, mert közben ment, csak az út bal oldalán levő fűvet legelte, a jobb oldali fűből nem evett. Azt, hogy sánta volt, onnan tudtuk, hogy azon a helyen ahol állt, a teve a bal hátsó lábát mintha felemelve tartotta volna. Azt pedig, hogy a teve farka rövid, onnan tudtuk, hogy amikor bogyózott, akkor a tevebogyó messzire repült. A rövid farkú tevének a bogyója messzire repül, a hosszú farkú teve nem tudja messzire dobni.



Ақылды етікші

Бұрынғы өткен заманда бір патша болған екен. Оның әрбір тәртібін халқы екі етпей уақытымен орындап тұрады екен. Бір күні бұл патша: «Менің әрқашан халық пайдасына еткен әмірім орнына нақпа-нақ келіп тұрады және халқым да мені жақсы көреді. Сондықтан да мен олардың пайдасын ойлаймын. Енді мен осы халқыма зиянды бір әмір таратайын. Халқым тыңдап, орнына келтірер ме екен? Жоқ, келтірмес пе екен?» – деп ойлап уәзірлеріне:

– Халыққа тегіс хабарландырыңдар: «Ешкім басына пайда қылмасын!» – деп әмір қылады.

Бұдан соң уәзірлер бұл әмірді халыққа естіртіп болып, патшаға:

– Халқыңыз әміріңізді нақпа-нақ айтқаныңыздай орнына келтіретін болды, – дейді.

Патша уәзірлеріне еш жауап айтпайды. Түн болған соң үстіне бөтен, ескі киім киіп, әмірінің қалай орындалғанын көру үшін көшеде жүрсе, шеттегі бір үйде шам жанып тұр екен. Патша қайыр сұраған кісі болып, шам жанып тұрған үйге келсе, үйдің ішінде бір етікші етік тігіп отыр екен. Етікші қайыршыны көріп тұра келіп, бір кішкене нан береді. Сонда қайыршы:

– Сен патшаның әмірін тұтпаған не қылған адамсың? «Ешкім басына пайда қылмасын және шам да жақпасын», – дегені қайда? – дейді.

Сонда етікші:

– Сенің онда не жұмысың бар? Сондай әмір қылып отырған патша да ақымақ. Себебі, мен – жарлы адаммын. Күнде төрт теңге пайда қыламын да, төрт теңге зиян қыламын. Міне, мен сонымен күн көріп отырмын. Патша ақылды болса, осыны білер еді, – дейді.

Патша бұған жауап қайтармастан үйіне келеді де, ақылды

Az okos csizmadia

Élt egyszer nagyon régen egy pasa. Nem kellett semmit kétszer mondania, a nép minden parancsát azonnal teljesítette. Egy napon ez a pasa így gondolkodott: „Minden parancsomat, ami a nép javát szolgálta szóról szóra végrehajtották, és az alattvalóim szeretnek is engem. Ezért továbbra is az ő hasznukat nézem. Nosza, most olyan parancsot küldök szét, ami nem válik hasznukra. Mikor meghallják, vajon engedelmeskednek-e?” Majd a vezíreihez fordult:

– Minden alattvalómmal tudassátok: „Senki nem dolgozhat a saját hasznára” - hangzott a parancs.

A vezírek kihirdették a népnek ezt a parancsot, majd jelentették az uralkodónak:

– Néped a parancsodat szóról szóra végrehajtja.

A pasa nem válaszolt vezíreinek. Mikor beesteledett rongyos ruhát öltött, és a városba ment hogy megnézzé hogyan teljesítik a parancsát. Az egyik szélső házban világosságot látott. A pasa bement ebbe a házba kéregető koldusként, és meglátott egy varró csizmadiát. A csizmadia a koldus láttán felállt, és egy kis darab kenyeret nyújtott neki. A kéregető megszólalt:

– Te nem tartod be az uralkodó parancsát? Milyen ember vagy te? „Senki nem dolgozhat a saját hasznára és nem gyűjthet gyertyát.” Semmibe veszed a parancsot?

– Mi közöd neked ahhoz? Az az uralkodó, aki ilyen parancsot ad ki, ostoba. Én szegény ember vagyok. Ha naponta négy ezüstöt keresek, a károm is négy ezüst. Így éldegélek. Ha az uralkodó bölcs lenne, ezt tudná - felelte a csizmadia.

A pasa válasz nélkül elment, otthon hívatta négy okos vezírét:

– Úgy gondoltam ti okosabbak vagytok másoknál, ezért a vezíreimmé tettelek benneteket. Most szeretnék kérdezni tőletek valamit. Naponta négy ezüst a hasznom, de négy ezüst a károm is. Mi a hasz-

төрт уәзірін шақырып алып:

– Сіздерді басқалардан ақылы көп деп, өзіме уәзір қылып едім. Енді менің сіздерден сұрайтын сауалым бар. Күніне төрт сом пайда, төрт сом зиян қыламын. Сол пайдам мен зияным не? Үш күн ішінде соны табыңдар. Таба алмасаңдар, бастарыңызды аламын! Өздерің таппасаңдар да, табатын кісі таппасаңдар, жазадан құтыласыңдар! – депті.

Уәзірлер үш күннің ішінде өздері де шеше алмай және табатын кісі де таба алмаған соң, енді патшаға көрінбей, қашпақшы болып жүргенде, баяғы етікші уәзірлерге келіп:

– Мен патшаның сұраған сауалын тапсам, сіздер маған не берер едіңіздер? – дейді.

Уәзірлер төрт мың ділда бермекші болады. Етікші уәзірлерден төрт мың ділданы санап алып, олармен бірге патшаға барады да:

– Тақсыр, мен етік тігіп, әр күні төрт сом пайда, төрт сом зиян қылам. Ол былай: бір сомды қарызға беремін. Бір сомды ескі қарызымды төлеуге беремін, бір сомды құдыққа тастаймын, бір сомды әйеліммен екеумізге жұмсаймын, – депті.

Сонда патша:

– Әйеліңмен екеуіңе жұмсалған ақшаға бәріміз де түсінеміз, қалған үш сомның жұмсалған орнын анықтап түсіндір, – депті.

Бұл сөзге етікші былайша жауап қайырыпты:

– Бір сомды қарызға беремін», – дегенім: «Қартайғанда өзімді асырар», – деп балама беремін. «Бір сомды ескі қарызыма беремін», – дегенім: өзімді жасымда асыраған кәрі әкем мен шешеме беремін. «Енді бір сомды құдыққа тастаймын», – дегенім: күйеуіне тұрмай, қайтып келіп отырған қызым бар, соған беремін дегенім, – депті.

Сонда патша: «Бұл етікші ақылды адам екен», – деп, өзіне уәзір қылған екен.

nom és mi a károm? Három napot kaptok, hogy kitaláljátok. Ha nem fejtitek meg, fejeteket veszem. Ha ti nem találjátok ki, de hoztok egy embert, aki tudja a választ, megmenekültök a büntetéstől.

A vezírek három nap alatt nem tudták megfejteni a feladványt, és olyan embert sem találtak, aki tudta volna a választ. Így hát a pasa előtt nem mutatkoztak, már el akartak szökni, amikor a csizmadia jött hozzájuk.

– Ha megfejtem a pasa találós kérdését, mi lesz a jutalmam?

A vezírek négyezer aranyat ígértek neki. A csizmadia megszámolta a vezírektől kapott aranyat, majd együtt az uralkodó elé járultak:

– Felséges úr, én csizmát varrok. Minden nap négy ezüst hasznom, de ezzel együtt négy ezüst károm is van. Egy ezüstöt kölcsön adok, egy ezüstrrel régi adósságot törlesztetek, egy ezüstöt a kútba dobok, egyet a feleségemre és magamra költök. Akkor a pasa:

– A kettőtökre költött pénzt mindannyian értettük, de hogy a többi három ezüstöt hova teszed, magyarázd meg – kérte.

A csizmadia így válaszolt:

– Egy ezüstöt kölcsön adok – ez azt jelenti: a fiamnak adom, mivel amikor megöregszem ő fog eltartani. Egy ezüstrrel régi adósságot törlesztetek – ez azt jelenti: az idős anyámnak és apámnak adom, akik engem felneveltek. Egyet a kútba dobok – ez azt jelenti: a lányomnak adom, aki nem tudott a férjével együtt élni, és visszatért hozzánk.

„Ez a csizmadia eszes ember” – gondolta a pasa, és kinevezte vezíréné.

Хан мен уәзір

Ертеде бір хан және оның ақылды уәзірі болыпты. Хан мен уәзір үнемі ел аралауға шығып тұрады екен. Бір күні уәзірімен ел аралауға шығыпты. Шыққанда, жаман киім киіп: «Елде кім ханды жақсы көреді екен?» – деп, жасырын жүріп, тың тыңдайды. Сол аралаумен жүріп, бір кедейдің үйіне келіп, қонуға рұқсат сұрайды. Ол кедейдің қатыны толғатып жатыр екен. Үй иесі:

– Әйелім босанғалы жатыр, – деп, қондырмайды.

Толғатып жатқан әйел:

– «Қырықтың бірі қызыр», – деген, қондыр, – дейді күйеуіне.

Үй иесі қонақтарды қондыруға рұқсат береді.

Сөйтіп, екі қонақ отырады. Әлден уақытта толғатқан әйел босанып, еркек бала табады. Бала шырылдап жерге түскенде, ханның уәзірі мырс етіп күліп жібереді.

Бұрын орынсыз күлмейтін, күлгенде бірдеменің мәнін болжап күлетін уәзірінің бұл күлкісі ханға оғаш көрінеді. Хан:

– Неге күлдіңіз? – деп сұрайды. Уәзір:

– Жай күлдім, – дейді. Хан:

– Жай күлген жоксың, айт, – дейді. Уәзір:

– Жай күлдім, – деп болмайды. Хан сұрап қоймаған соң, уәзір:

– Осы бала сізге күйеу болады, – дейді.

Хан жұлып алғандай:

– Қойшы! Мен осы бір кедейдің баласына қызымды беремін бе? – дейді.

– Ол арасын өзіңіз білесіз, әйтеуір осы бала сізге күйеу болады, – дейді. Хан:

– Ендеше мұны сатып алып, өлтірейік! – дейді.

Ертеңіне таң атқан соң хан отырып үй иесіне:

– Сен мына балаңды бізге сат, өзінің үлкендігіндей алтын берейін, – дейді.

A kán és a vezír

Volt egyszer egy kán és annak egy okos vezíre. A kán és a vezír gyakran vándorolt az országban. Egyik nap is útnak indultak. Rossz ruhát öltöttek, titokban jártak-keltek, és füleltek, hogy a nép szereti-e a kánt. Vándorlásuk során egy szegényember házához értek, és bebocsátást kértek. A szegényember felesége éppen vajúdott.

– A feleségem éppen most szül – válaszolta a házigazda, és nem adott szállást.

A vajúdó asszony kiszólt a férjének:

– Úgy tartja a mondás: „Negyven ember közül egy boldogságot hoz”, hadd maradjanak éjszakára.

Végül a házigazda elszállásolta őket.

Így a két vendég maradt. Az asszony egy fiúgyermeket szült. Mikor a gyerek visítózva a világra jött, a kán vezíre kuncogni kezdett.

Azelőtt soha nem nevetett ok nélkül, csak akkor ha oka volt rá, ezért a vezír mostani nevetését a kán illetlennek találta.

– Min nevetesz? – kérdezte.

– Csak úgy nevettem – felelte a vezír.

– Te nem csak úgy neveltél. Mondd el miért.

– Csak úgy nevettem – válaszolta a vezír, és nem árulta el az okát.

Mivel a kán nem hagyta abba a faggatást, a vezír elárulta:

– Ez a gyerek az ön veje lesz.

A kán felháborodott:

– Hogyisne! Méghogy én egy ágrólszakadt gyerekéhez adom a lányom?

– Az önön múlik. Bárhogy is, de ez a gyerek a veje lesz.

– Ha már úgy van, akkor vegyük meg és öljük meg! – javasolta a kán.

Másnap hajnalban a kán leült a házigazda mellé:

– Add el nekünk ezt a gyereket, annyi aranyat kapsz érte amennyi a súlya.

Бірақ үй иесі жұлып алғандай:

– Сатпаймын! – дейді. Әйелі:

– Қой, өзінің үлкендігіндей алтын берсе, сатып-ақ жіберейік. Бұл бала өсіп, бізді асырағанша, талай уақыт бар. Құдай берейін десе, сәтімен тағы берер, – деп, сатқызады.

Хан баланы алады да, бір жәшікке салып, суға ағызып жібереді. Жәшік сумен ағып келіп, бір шалдың диірменінің кіндігіне оралып, диірмен жүрмей қалады. Шал диірменін аралап келіп қараса, бір жәшік ілініп тұр. Жәшікті алып ашып жіберсе, ішінде бір аппақ, сазандай ұл бала жатыр.

Диірменші шалдың сегіз ұлы бар еді. Сегізі де жас еді. Шал судан алған баланы кемпіріне алып келіп:

– Мына баланы өлтірейік! Бала өзімізде де жетеді ғой! – дейді. Кемпір:

– Қой, өлтірмейік! – дейді. Шал:

– Мұны қалай асыраймыз. Өзіңнің сегіз балаңды асырасаң да жетер, – дейді. Кемпірі:

– Құдайдың өзі асырайды. Көзің қиып қалай өлтіресің? Балалармен бірге жүрсін. Сенің ырысыңды ішіп бара ма? – деп көнбейді.

Шал да бұл сөзден аса алмай:

– Мейлі, жүрсе жүрсін, – дейді. Сонымен, шал асырап, бала аман-есен өсе береді. Енді олардың балалары тоғыз болады. Оның ішінде ең кішісі – тауып алған бала, қалғандары онан үлкенірек, бәрі де үйелмелі-сүйелмелі, үйректің балапандарындай жарасып тұратын болды.

Күндерде бір күн хан бас уәзірін ертіп, ел аралауға шығады. Елді аралап жүріп, шалдың есігінің алдынан өте бергенде, уәзір тағы да мырс етіп күліп жібереді. Хан:

– Неге күлдің? – деп сұрайды.

– Ойнап жүрген балалардың ішіндегі әне бір кішкентайы сізге күйеу болады, – дейді. Хан жұлып алғандай:

– Қойшы! Ханға күйеу болуға кедейдің баласын жазып қойып па? – дейді.

A házigazda felháborodott:

– Nem adom el!

Megszólalt a felesége:

– Ugyan, ha annyi aranyat adnak amennyi a súlya, akkor add nekik, hadd vigyék. Még rengeteg idő van addig, míg a gyerek felnőtt és eltart bennünket. Isten adta, egy kis szerencséével, talán ad másikat is – azzal eladták a fiút.

Fogta a kán a gyermeket, beletette egy ládikóba, és a folyóba dobta. A ládikót elsodorta a víz, egy öregember malmának kerekén fennakadt, a malom megállt. Az öreg körbejárta a malmot, hát látja ám, hogy egy ládikó akadt fenn. Kinyitja a ládikót, abban szemet gyönyörködtető, angyali gyerek fekszik.

Az öreg molnárnak nyolc gyereke volt. Mind fiatal még. Az öreg kivette a vízből a gyermeket, az öregasszonyhoz vitte:

– Öljük meg ezt a gyermeket! Nekünk már van elég gyerekünk!

– Hogyisne! Nem öljük meg! – ellenkezett az öregasszony.

– Hogy fogjuk felnevelni? Elég a saját nyolc gyerekünknek gondját viselni – mondta az apó.

– Majd isten gondoskodik róla. Nem sajnálnád megölni? Hadd járjon együtt a gyerekeinkkel. Vagy talán feléli a vagyonod? – tiltakozott az anyó. Az apó is beleegyezett:

– Rendben, hát legyen.

Így az öregapó elhatározta, hogy gondját viseli a gyerekeknek. A fiú épségben és egészségben cseperedett. Most már kilenc gyerekük volt. A legkisebb, a talált gyerek volt, a többiek mind nagyobbak voltak nála, de mivel nem volt nagy a korkülönbség, összeszoktak, mint egy fészekaljnyi kiskacsa.

Egy napon a kán fővezírét maga mellé vette, és vándorolni indult az országban. Ahogy mendégéltek, elhaladtak az öregapó ajtaja előtt, a vezír megint kuncogni kezdett.

– Min nevezsz? – kérdezte a kán.

– Az itt játszadozó gyerekek közül, ez a kicsi az ön veje lesz – szolt a válasz.

Feldühödött a kán:

– Көрерсіз! – дейді уәзір.

– Олай болса өлтіру керек! – дейді хан.

Оны қалай өлтіру керек? Хан мен уәзір амалсыз шалдың үйіне бұрылып келіп:

– Анау кішкентай бала сенікі ме? – дейді.

– Менікі, тауып алған балам, қалғаны өзімнің балам! – дейді шал.

– Ана тауып алған кішкентай балаңды сатшы, өзінің үлкендігіндей алтын берейін, – дейді хан.

Шал қуанып кетіп, баланың үлкендігіндей алтын алып, оны ханға береді. Хан баланы әкеліп: «Осыны өлтір!» – деп бір уәзіріне береді. Уәзір баланы жазықсыз өлтіруге қимайды да, асырай береді. Осымен жүргенде бала өсіп қалады. Хан келіп қараса, бала өлмепті.

– Мұны неге өлтірмедің? – дейді хан.

– Тіпті өлтіруге қиятын бала емес. Өзі ақылды, өзі әдемі, еш кінәсі жоқ. Қалай өлтіруді білмедім, – дейді.

Сол уақытта ханның еліне жау тиеді. Хан әскерін жинап, соғысқа кетерде еліндегі бас уәзірлеріне хат жазып: «Мына баланы барысымен өлтірсін! – деп үкім етіп, хатты баланың өзінен беріп жібереді де, өздері соғысқа кетіп қалады. Бала хатта не барын білмейді. Оған: «Хатты тез алып бар!» – деген. «Осы хат бойынша олар бізге әскер жібереді. Ертең ертеден қалма», – деген.

Бала хатты алып, жүгіріп келе жатып, әбден шаршайды, содан ханның үйіне жетпей шапарға жақындағанда, ханның бау-бақшасының ішіне келіп ұйықтап қалады. Ханның қызы бақшаны аралап жүрсе, ұйықтап жатқан бір сұлу баланы көреді. Қыз оған ғашық болады. Жанындағы нөкерлеріне:

– Сендер жүре беріңдер, мен мына баланың кім екенін білейін, – дейді.

Баланы оятып, құшақтап сүйіп, баланың қолына қараса, хат бар екен. Оны ашып, оқып жіберсе: «Мына баланы мен барғанша өлтір!» – деп жазған. Қыз хатты алып, жыртып тастап, оның орнына: «Мен барғанша мына балаға қызымды некелеп қой», – деп

– Hogyisne! Talán az van megírva, hogy a kán veje egy szegényember fia lesz?

– Majd meglátja – felelte a vezír.

– Akkor meg kell ölni! – kiáltotta a kán.

Hogyan kellene megölni? A kán betért a vezírral a szegény apó házába:

– Tiéd az a kicsi gyerek?

– Az enyém, úgy találtam. A többi a sajátom – felelte az apó.

– Add el nekem ezt a gyereket, annyi aranyat adok érte amennyi a súlya – ajánlotta a kán.

Megörült az apó, odaadta a gyereket, és megkapta érte a súlyának megfelelő aranyat. A kán elvitte a gyereket, majd odaadta a vezírnek és megparancsolta, hogy ölje meg. A vezír nem tudta megölni az ártatlan gyermeket, elhatározta, hogy felneveli. A gyerek felcseperedett. Egyszer meglátta a kán, hogy a fiú él.

– Miért nem ölted meg? – kérdi.

– Nem érdemel halált a fiú. Okos, szép és ártatlan. Hogy tudtam volna megölni?

Abban az időben a kán országát ellenség érte el. A kán felsorakoztatta seregét, és harcba indult. Az országban maradt fővezíreknek levelet írt: „Ezt a gyereket mindenestül öljétek meg!” hangzott a parancs. A levelet a fiúval küldte el, maga pedig hadba vonult. A fiú nem tudta mi van a levélben. Neki csak annyit mondtak: „Gyorsan fogd és vidd ezt a levelet! Ha elolvassák küldenek még katonát. Reggelig éj vissza!”

A fiú fogta a levelet, és elsietett vele. Még nem ért a kán palotájához, a városhoz közeli kertjébe ment. Nagyon elfáradt, és ott elaludt. A kán lánya a kertben sétált, mikor megpillantotta a szépséges alvó ifjút. Beleszeretett. A kísértőihez fordult:

– Ti csak menjetek tovább, én megtudom ki ez a fiú.

Megölelte, megcsókolta, egyszer csak észrevette a kezében a levelet. Kinyitotta és elolvasta: „Öld meg ezt a fiút mire én megyek”, állt a levélben. A lány széttépte, eldobta, és írt helyette egy másikat, ebben ez állt: „Mire megyek ezt a fiút házassítsd össze a lányommal”, azzal a lány elment. Felébredt a fiú, lejárt az idő, amit a kán adott, megjed: „Dühös

жазады да, кетіп қалады. Бала оянып тұра келсе, ханның бар деген уақыты өгіп кетіпті, бала сасып: «Хан ұрсар ма екен?» – деп, уәзірге жүгіріп барып, хатты береді. Ханның жарлығы екі бола ма? Ат шаптырып, той жасап, ханның қызын балаға некелейді.

Бала ханның қызын алып, өмір сүре береді. Хан жауды жеңе алмай, төрт-бес жыл соғыста болады. Бұл уақытта ханның қызы екі балалы болып қалады. Ханның қызы бұл айланы өзі ғана біледі. Бір күні: «Хан соғыстан қайтып келе жатыр», – деген хабар естіледі. Ханның қызы күйеуіне:

– Сен мына екі баланың бірін жетектеп, екіншісін көтеріп ханның алдынан шық. Әкемнің мінезі жаман еді. Ашуын қалдырса, мүмкін, сонда қалдырар, – дейді.

Екі жиенін алдынан шығарып, жігіт ханға сәлем беріп еді, ханның ішіне мұз құйылды; суық қана амандасты да қойды. Бірақ ренжігенін білдірмейді. «Жарайды», – деп, хан үйіне келді. «Мына ханның қызын қаңғырған кедейдің баласы алыпты», – деген ат ханның сүйегіне таңба болатын болды. Әркімнің күңкілі күшейді: «Ханға бір ханның баласы табылмады ма? Осы қаңғырған баланың несіне қызықты?» – деген сөздер желдей есті.

Әркімнің өсегіне қалмау үшін хан нан пісіретін жерге уәзірінен қағаз беріп: «Ертемен келген адамды кім де болса, ең ақыр аяғы, мен болсам да отқа жағып жіберіңдер!» – дейді. Уәзір ханның сөзін бұлжытпастан жеткізеді. Хан күйеу баласын таңертең нан пісіретін жерге жұмсайды.

«Таңертең пәлен сағатта барасың», – дегенмен бала үйден шығып келе жатса, бір жерде сырнай-кернейлер тартылып жатыр екен, ол сол үнді тындап кідіріп қалды. «Баланы жағып жібер!» – деген уақыт та болды, «Баланың жанып жатқанын көзіммен көрейінші!» – деп, хан келді. Нан пісіретін жігіттер ханды ала салып, сөзге келтірген жоқ. Кешегі ханның уәзірінің тапсыруы бойынша, көтеріп алды да пешке тығып жіберді. Бұл жана берсін.

Әлдене уақытта: «Уақытым болып қалды-ау!» – деп, асығып бала келді. Барса, наншылар: «Біз бұл адамды ханның кешегі тапсыруымен бағана өртеп жібергенбіз», – дейді.

lesz a kán.” A vezírhez sietett, és átadta a levelet. A kán csak egyszer adja ki a parancsot, azt azonnal teljesíteni kell. Így aztán ünnepséget rendezett, lóverseny is volt, és a fiúhoz adta a kán lányát.

A fiú feleségül vette a kán lányát, és így éldegéltek. A kán nem tudta legyőzni az ellenséget, a háború négy-öt évig tartott. Ezalatt a kán lányának két gyereke született. Egy napon jött a hír: a kán hazafelé tart a háborúból. A kán lánya így fordult a férjéhez:

– Fogd ezt a két gyereket, az egyiket vezesd kézenfogva, a másikat vedd fel, és menj a kán elől. Apámnak rossz természete van. Ha feldühödik is, talán később megnyugszik.

A fiú elrejtette a kán elől a két unokáját, majd jött, hogy köszöntse. A kán ereiben megfagyott a vér, hidegen, de azért üdvözölte őt. Haragját nem mutatta ki. „Rendben” – gondolta a kán, és hazatért. „A kán lányát egy csavargó vette el”, hallatszott mindenhol, folt esett a kán tekintélyén. „Nem talált egy kán fiút? Az a csavargó fiú mennyivel jobb?”, már a szél is ezt susogta.

A kán nem akarta, hogy a nép a szájára vegye, ezért elküldte vezírét egy parancsral arra a helyre, ahol a kenyeret szokták sütni, a parancsban ez állt: „Holnap reggel jön egy ember, bárki legyen is az, dobjátok a tűzbe és égessétek el!” A vezír a kán szavait szóról szóra továbbította. A kán pedig korán reggel elküldte a vejét a kenyérsütő helyre.

Reggel a fiú elindult otthonról, ahogy a kán parancsolta. Egyszer csak valahonnan furulyaszó hallatszott, miközben hallgatta a zenét, múlt az idő. A kán úgy gondolta, hogy lejárt az idő, ami a fiú megégetéséhez kellett: „A saját szememmel akarom látni, hogy elégett-e a fiú”, és odament. A kenyérsütők se szó, se beszéd, megragadták a kánt. Az előző napi parancs szerint felemelték, és a kemencébe dobták, hadd égjen.

Egy kicsit később a fiú észbe kapott, hogy letelt az ideje, és elsietett. A kenyérsütők elmondták amint odaért, hogy: „Mi ezt az embert a kán előző napi parancsa szerint nemrégén megégettük.”

A fiú teljesítette a parancsot, és hazatért. Aznap nem sokkal később felfedezték a kán eltűnését. Mikor keresni kezdték, világossá vált, hogy ő volt az, akit elégettek. Most új kánt kellett választani. Összehívták a


Бала қағазын береді де, қайтып келеді. Сол күні ұзамай-ақ ханды жоқтайды. «Хан қайда?» – дегенде, ханның өртеніп кеткені айқындалады. Енді жаңадан хан сайлау керек болады. Халықтың барлығы шақырылып: «Ханға кімді ұсынамыз?» – деген сөз көтеріледі. Сонда ханның бас уәзірі, сыншы уәзір, ханның күйеуінің басынан өткізген түрлі-түрлі қиыншылықтарын айта келіп, хандыққа сол ханның күйеуін ұсынады.

Бұрын хан жоқта ханның орнына хан болып жүрген бас уәзір хандыққа таласпай-ақ, өзі ұсынып тұрған соң, қалған уәзірдің көмейіне құм құйылады да, жас бала хан болады. Сөйтіп, мұратына жетеді.



népet, és elhangzott a kérdés: „Kit ajánljunk kánnak?” Ekkor a kán tapasztalt fővezíre elmesélte milyen bonyodalmakban volt része a kán vejének, és őt javasolta.

Korábban mikor a kán nem volt az országban, a fővezír helyettesítette, ezért amikor a fiút javasolta kánnak a vezírek lecsendesedtek, nem vitáztak, a fiatal fiút tették meg kánnak. Beteljesült a kívánsága.



Көпес қызы мен молда

Бұрынғы заманда бір хан болыпты. Ол заманда хан серіктерімен жүреді екен. Хан серіктерімен бір үлкен тауға келіпті. Оның бауырында бір үлкен өзен бар екен. Хан өзенді жағалап сейіл құрыпты. «Бұған сен бас бол!» – деп біреуді хан қойыпты.

Ол өңірде бір үлкен көпес бай бар екен. Көпестің жалғыз қызы бар екен. Қызы оқымысты, дүниенің тілін біледі екен. «Мен өлгенде, әйеліме зорлық қылмасын», – деп, көпес ханмен тамыр болыпты. Сол шағында бай дүниеден өтіпті.

Ол елде бір үлкен молда бар екен. Бір күндерде қыз терезесінен тысқа қарап отырса, молда терезе алдынан өтіп барады екен. «Біздің әкемізге бата қылып, тамақ ішсін», – деп, молданы қыз үйге шақырыпты.

«Жарайды, қырық кісіге жеткендей тамақ жасап қойсын!» – дейді молда. Түнде молда қыздың үйіне келіп тамақ ішеді. Тамақ ішіп болған соң, молда иек қаққанда, серігі далаға шығып кетеді.

Ертеңгісін қыз ханға барып:

– Түнде бізді жау шауып кетті, – дейді қыз.

– Ол жауды сіз таныдыңыз ба? – депті хан.

– Жауды таныдым, мені шапқан жау – анау! – депті қыз ханның қасында отырған молданы көрсетіп.

– Өтірік айтасың, бұл кісі ешкімге тимейді. Мына қыздың орнын опат қылып, көзін жоғалтыңдар, – депті төлеңгіттеріне хан. Сонда бір төлеңгіті тұрып:

– Ей таксыр, қыздың әкесі бір күндерде сіздің жақсы досыңыз еді, өлтірмеңіз, қызды шәріден қуып жіберіңіз, – дейді. Хан мұны дұрыс көріп қаладан айдап жібереді.

Қыз анасымен беті ауған жаққа қаңғырып кете барады. Күндер, айлар, жылдар өтеді.

Күндерде бір күні жол жүріп, келе жатып су жағасындағы биік

A kereskedő lánya és a molla

Réges-régi időkben élt egy kán. Akkoriban a kánok mindig a kíséretükkel jártak-keltek. Történt egy ilyen alkalommal, hogy az uralkodó kíséretével egy nagy hegyhez érkezett, melynek lábánál egy széles folyó hömpölygött. A kán sétálgatott a folyó mentén, majd így szólt az egyik emberéhez: „Ez a hely tartozzon a te uralmad alá!” Azon a vidéken egy vagyonos kereskedő volt az úr, akinek egyetlen lánya rendkívül művelt volt, a világ minden nyelvét értette.

Ez a kereskedő összebarátkozott a kánnal, hogy a feleségének ne essen bántódása, ha ő már nem él. Be is következett, amitől tartott: itt hagyta e világot.

Élt azon a vidéken egy nagyhatalmú molla is. Egy nap a kereskedő lánya épp az ablakból nézelődött, amikor a molla elment az ablaka alatt. A lány meghívta magukhoz a mollát, hogy olvasson imát apja emlékére, és egyen velük.

– Elfogadom a meghívást, de készíts negyven embernek elegendő ételt! – válaszolta a molla. Éjjel aztán elment a lány házába, és evett-ivott. Miután jóllakott, jelet adott, és kísérete elhagyta a házat.

Másnap a lány elment a kánhoz:

– Éjjel kiraboltak minket – panaszkolta.

– A rablót felismertétek? – kérdezte a kán.

– Igen, én felismertem a rablót. Az az ember fosztott ki minket! – mutatott a lány a kán mellett ülő mollára.

– Hazudsz, ez az ember senkinek sem ártott. A lányt pusztítsátok el, a házat pedig romboljátok le! – adta ki a parancsot a kán a vezíreinek. Egyikőjük azonban nem hagyta annyiban:

– Felséges uram, a lány apja valaha felséged nagyon jó barátja volt, ne ölesse meg, csak üzze ki a városból – mondta. A kán beleegyezett, és kiűzte őket a városból.

Így aztán a lány elindult az anyjával, ment, amerre a szeme látott.

бәйтеректің түбіне келіп шешесімен саялайды. Теректің басында бір топ торғай отыр екен. Шешесімен екеуі жылап жатса, торғайдың біреуі:

– Бұлар неге жылап жатыр? – дейді.

– Хан бұлардың мал-мүлкін шауып алып қойды! – дейді екінші торғай.

– Енді бұл байғұстар қайтіп адам болады?

– Бұлардың жатқан жерінде жеті патшаның малы бар.

– Ол жеті патшаның малын қайтіп алады?

Шешесі шәріге барып, бір сүймен, бір күрек сұрап алып келіп қазса, кісі бойы жерден асыл тас шығады. Сол тасты сүйменмен ұрып сындырса, жеті патшаның малын көмген қойманың аузы ашылар еді. Онда неше түрлі киім, сауыт сайман, арба бар. Оған базардан барып ат сатып алып, арбаға жегіп, қайтадан ханға барып «Қонақпыз!» – десе, хан: «Қон», – дер еді. «Біз бұл жерге үй саламыз!» – десе, хан: «Сал!» дер еді. Онан соң бұлар өзінің бұрынғы орнына салып алар еді, – дейді торғай. Торғайдың айтқандарын қыз естіп жатады.

Қыз түрегеліп, естігенін шешесіне айтады. «Базарға барып, сүймен, күрек сатып әкел», – дейді. Шешесі базарға барып сүймен, күрек сатып әкеледі. Күрекпен қыз теректің түбін қазады. Кісі бойы жер қазған соң астынан асыл тас шығады. Асыл тасты сүйменмен ұрып сындырса, тастың астынан жеті патшаның қазынасы шығады. Шешесі базарға қайтадан барып ат сатып әкеледі. Атқа арбасын жегіп, ерекше киініп қыз ханға келеді. Ханға келіп:

– Қонақпыз! – дейді.

– Қонақ болсаң, кімсің? – дейді хан.

– Мен бір шәріде тұратын ханның баласы едім! – дейді қыз.

– Қонақ болсаң, қон! – дейді хан.

– Біз мұнда тұрып сауда қыламыз, үй тұрғызамыз! – дейді қыз.

– Жә, тұрғызыңыз! – дейді хан.

– Үй тұрғызсақ осы жерде тұрғызамыз! – дейді қыз.

– Бұл жерде тұрғызбаңдар, өйткені бұл жердің иесі өтірік

Napok, hónapok, évek teltek így el, mígnem egy nap, ugyanígy az utat járva, egy vízparti nagy nyárfához érkeztek, ahol megpihentek kissé. A nyárfa tetején egy csapat veréb üldögélt. Amikor a lány anyjával sírva fakadt, a verebek közül az egyik megszólalt:

- Ezek vajon miért sírnak?
- A kán elvette a vagyonukat! – mondta egy másik veréb.
- Így ezek a szerencsétlenek hogyan tudnának újra emberhez méltóan élni?
- Azon a helyen, ahol fekszenek, hét padisah kincse van elrejtve.
- Hogyan lehet megszerezni a hét padisah kincsét?
- Ha az anyja visszamenne a városba egy fészítővasat és egy ásót venni, és azzal ásni kezdenének, egy embernyi mélységből egy drágakő kerülne elő. Ha azt a követ a fészítővassal széttörnék, feltárulna a hét padisah földalatti kincstárának bejárata. Abban néhány váltás ruha, fegyverek, páncél és egy szekér van. Ha a bazárban vásárolnának lovat, befognák a szekér elé, és újra a kán színe elé mennének, és azt mondanák, hogy: „vendégek vagyunk”, akkor a kán megengedné, hogy megszálljanak. Ha azt mondanák, hogy: „ezen a helyen házat építünk”, a kán beleegyezne. Így ők a régi helyükre házat építhetnének – mondta a veréb. A lány meghallotta a verebek csivitelését.

Azonnal felpattant, és elmondta az anyjának, hogy mit tudott meg. „Menj a piacra, vegyél fészítővasat és ásót” – mondta, az anyja pedig úgy is tett. Az ásóval a lány elkezdett ásni a fa tövénél, majd mikor egy embernyi mélységhez ért, előbukkant a drágakő. Azt széttörte, a kő alól pedig előkerült a hét padisah kincse. Az anyja újból elment a piacra, és lovat vásárolt, amelyet befogtak a szekér elé. A lány férfinak öltözött, és elment a kánhoz.

- Vendégek vagyunk! – mondta.
- Miféle vendégek vagytok? – kérdezte a kán.
- Egy városban lakó kán fia vagyok! – válaszolta a lány.
- Ha vendégek vagytok, szálljatok meg nálunk – egyezett bele a kán.
- Itt fogunk élni, kereskedni és házat építeni – mondta a lány.
- Rendben, építsetek.
- Ha házat építünk, itt akarjuk felépíteni.

айтып, жазаға ұшыраған, бұл жер – құтсыз мекен, – дейді хан.

– Құтсыз болса да сіз ықтияр болсаңыз осы жерге саламыз! – дейді қыз.

– Салсаң сал! – дейді хан. Қыз үй салып, саудасын істеп жатады. Үйінің есігін теректің түбінен шығарып, терезеден қарап отырса, баяғы молда кетіп бара жатыр екен. Қыз молданы: «Бізге қонақ болыңыз», – деп, тағы да шақырады. Молда: «Барайық, кешке алпыс кісіге жеткендей тамақ даярлап қойыңыз», – дейді. Қыз серіктеріне:

– Мен данғыра соққанда, қырық есікті бекітіп тастандар, – деп тапсырады. Кешке алпыс кісі мен молда келеді, келеді де тамақ ішеді. Тамақ ішіп болған соң, молда серігіне: «Жау уақыты!» – дейді, серігі шығып кетеді.

Сонда қыз барабан соғады, серіктері тез есікті бекітеді. Танертең қыз жүгіріп ханға келеді.

– Бұл кім? – дейді хан.

– Бұл – кешегі шәріден қуып жіберілген қыз, – дейді уәзір. Ханның жақсы уәзірі бар екен.

– Өтірігі үшін қуып жіберілген қыз бұл жерден не алады? – дейді хан.

– Ей, тақсыр! Мұны түнде тағы да жау шауыпты, – дейді уәзір.

– Шапқан кім екен? – дейді хан.

– Мұны тағы баяғы молда шауыпты, – дейді уәзір.

– Молда ұсталды ма? – дейді хан.

– Я, ұсталды, – дейді қыз.

Молданы ханға алып келеді.

– Жә, молда! Сен мұны неге шаптың? – дейді хан. Қарабет молда жауап айта алмай төмен қарайды. Сол жерде өлім жазасы беріліп, молда өлтіріледі.

– Молданың жүз кісі серігі бар еді. Олардың да күніге біреуі өлтіріледі.

Ең соңында калған серігі:

«Молданың тыққан қазынасы бар, мен соны айтып берейін, мені өлтірмеңіз», – деп жалынады.

– Ne ide építsétek, mert ennek a helynek a korábbi tulajdonosa hazudott, ezért megbüntettem. Ez a hely szerencsétlen – mondta a kán.

– Ha szerencsétlen is ez a hely, mi akkor is ide szeretnénk építeni, ha felséged is beleegyezik – felelte a lány.

– Ha úgy akarjátok, rendben van – bólintott rá a kán.

A lány felépítette a házat, és kereskedni kezdett. A házat úgy építette, hogy az ajtaja egy fa közelében legyen. Egyszer amikor kinézett az ablakon, meglátta, hogy a már említett molla elment a ház előtt. A lány ismét behívta a mollát:

– Legyen a vendégünk!

– Elmegeyek, de estére készíts hatvan embernek elegendő ételt! – mondta. A lány így szólt a szolgálaihoz:

– Ha elkezdek dobolni, a negyven ajtót zárjátok be – bízta meg őket. Este megérkezett a molla hatvan emberével. Miután ettek-ittak, a molla azt mondta kíséroeinek: itt az idő. Kísérei távozni készültek.

Akkor a lány elkezdett dobolni, szolgálai pedig gyorsan bezárták az ajtókat. Reggel a lány futott a kánhoz:

– Ki ez az ember? – kérdezte a kán.

– Ez az a lány, akit elűzték a városból – mondta a vezír. Ez a kán jó vezíre volt.

– Az a lány, akit a hazugsága miatt kergettünk el? Mit keres itt? – kérdezte a kán.

– Felséges uram, ma éjjel is kirabolták – felelte a vezír.

– Ki rabolta ki? – kérdezte a kán.

– Most is ugyanaz a molla – hangzott a vezír válasza.


– A mollát elfogták? – kérdezte a kán.

– Igen, elfogtuk – szolt a lány. A mollát a kán elé vitték.

– Molla, miért raboltad ki ezt a lányt? – faggatta a kán a mollát. A szégyentelen molla válaszolni sem tudott, csak a földet nézte. A kán pedig bűnei miatt halálra ítélte, amelyet végre is hajtottak. A mollának akkorra már száz emberből álló kísérete volt, azok közül naponta megöltek egyet. A legutolsó még életben levő embere könyörögve fordult a kánhoz:

– A molla elrejtette a kincseit. Elmondom a helyét, csak kímélje


– Жә, сені өлтірмейік, бұл молда қайдан келді? – дейді хан.
Жеті қаланы қырып келді, – дейді молданың серігі.
– Ол жеті қаланың қазынасы қайда? – дейді хан.
– Оның бәрі мұнда көмулі, – дейді серігі.
Сөйтіп, жігіт арамза молданың далаға тыққан қоймасын ханға тауып беріп, өзі ханға сенімді уәзір болады.



meg az életemet!

- Rendben, életben maradhatsz. Honnan jött ez a molla?
- Hét várost is tönkretett, mielőtt idejött – felelte a molla kísézője.
- Hova lett annak a hét városnak a kincse?
- Az összes itt van eltemetve – válaszolta a kíséző.

Így mutatta meg az ifjú az álnok molla pusztában elrejtett kincsét, és attól fogva a kán hűségese vezíre lett.



Айша сұлу

Баяғыда Өмірбек деген бай болыпты, байдың үш қызы болыпты. Байдың кіші қызының аты Айша екен. Айшаның ай десе аузы бар, күн десе көзі бар, үріп ауызға салғандай сұлу екен.

Күндердің күнінде бір бала келіп Өмірбектің қойын бағады. Бұл баланың келу себебі былай еді: әкесі, шешесі ағаларынан ерте айрылып жасынан жоқшылық пен жетімдікті бірдей көріп өседі. Содан бұл бала бір байға жалданады. Көп кешікпей сол ауылда жұқпалы ауру шығады. Ол ауылдың ақсақалдары мен қара сақалдары: «Осы ауруды әкелген – осы бала», – деп баланы қуып жібереді. Қашып келе жатқан баланың алдынан сол жалданған байдың баласы кездеседі. Ол аң аулап келе жатыр екен. Байдың баласы кездескен үйіндегі жалшы бала екенін танып: «Әй, Бек! Бері кел!» – деп шақырады. Содан жаңағы байдың баласы Бекті шақырып алып: «Сен неге қашасың, қайт ауылға!» – деп аттың, бауырына алып сабайды. Бек: «Кетсем өшімді алып кетейін», – деген ойға келіп: «Қайтсам қайтайын, артыңа мінгестіре кет!» – дейді жалынған болып. Байдың баласы: «Кел», – деп еңкейе бергенде, Бек қолынан шап беріп ұстай алып аттан жұлып тастайды да, бастан бір тебеді. Сөйтіп, атын, қару-жарағын тартып алып, Бек беті ауған жаққа қарай жүріп кетеді. Жүріп келе жатса, алдынан бір ауыл кездеседі. Бек осы ауылға келіп қойшы болады. Бұл әлгі Өмірбектің ауылы еді. Бек осы ауылда тұра береді. Бір күні Бек суға шомылып келе жатса, Өмірбектің үш қызы суға келе жатады. Айша Бекті көріп оның тұлғасына, бет-ажарына қызығады.

Ақыры Бек пен Айша бір-біріне ғашық болады. Бірақ қосыламыз деуге байдан қорқады. Өмірбек ішінен: «Осы қыздарымды ешкімнен қалыңмал алмай-ақ сүйгеніне қоссам», – деп ойлайтын еді.

Бір күні ол қыздарын жинап алып, оларға өзінің ойын айтады.

Szépséges Ajsa

Élt valamikor egy Ömirbek nevű uraság, akinek volt három lánya. A legkisebbet, akinek ajkai olyanok voltak mint a hold, szemei pedig, mint a nap, Ajsának hívták. Szépségével mindenkit elbűvölt.

Egyszer egy nap egy új fiút fogadtak fel Ömirbek juhainak őrzésére. Ennek a fiúnak ez a története: szüleit korán elvesztette, nélkülözésben és árvaságban cseperedett. Így aztán elszegődött egy gazdag úrhoz. Csakhogy nem sokkal később egy ragályos betegség kezdte tizedelni a falu népét. Az idősek és a fiatalok mind a fiút okolták a betegség behurcolásával, ezért elűzték. A fiú menekülés közben egyszer csak összetalálkozott a gazdája fiával, aki éppen vadászott. A gazdag ember fia felismerte szolgálójukat, és odakiáltott neki: „Hé, Bek, gyere ide!” Magához hívta, majd megkérdezte: „Hová szöksz? Menj vissza a faluba!” – azzal a ló hátáról jól megverte. Bek bosszút akart állni, ezért így szólt: „Rendben, visszamegyek. Engedd, hogy felüljek mögéd a lóra!” A gazdag ember fia előrehajolt, és a kezét nyújtotta. Bek csak erre várt, megragadta, lerántotta a lóról, és fejbe rúgta. Miután így megszerezte tőle a lovát és a fegyverét, Bek elvágtatott, ment, amerre a szeme látott. Egyszer egy faluhoz ért, itt juhász lett. Ez volt Ömirbek faluja, Bek itt telepedett le.

Egy nap épp amikor a patakban mosakodott, Ömirbek három lánya jött vízért. Amikor Ajsa meglátta Beket, azonnal megtetszett neki a fiatalember daliás termete és helyes arca.

Egymásba szerettek, de féltek az uraságnak megmondani, hogy össze akarnak házasodni. Ömirbek közben így gondolkozott magában: „A lányaimat fizetség nélkül is ahhoz adom, akit szeretnek.”

Egy nap hívatta lányait, és közölte a kívánságát: „Lányaim, aki tetszik nektek, azt dobjátok meg egy almával” – azzal adott mindháromjuknak egy-egy almát. Az Ömirbek földjén élő emberek mind összegyűltek, a három lány pedig kiválasztotta a kedvesét. Kiderült,

Сөйтіп, барлық елін жинап алып: «Қыздарым, кімді ұнатсаңдар, соны алмамен ұрындар», – деп, үшеуіне үш алма береді. Өмірбектің қол астындағы халық түгел жиылады, үш қызының ішінен үлкені мен ортаншысының ұнатқаны – байдың балалары, ал Айшаның сүйгені манағы Бек болып шығады. Өмірбек Айшаға өкпелеп, басқа қыздарын жасауларымен ұзатады да, Айшаға жасау бермейді. Олар өз еңбектерімен күн көреді.

Күндердің күнінде Өмірбек ауырады. Бұған бақсы-балгерлердің айтуынша: «Киіктің еті ем болады», – дейді. Осыны естіген Бек аңға шығады. Өмірбектің бай күйеулері далада Бекпен кездесе кетеді. Бірақ Бекті танымайды. Бек бұл кезде киік ұстап, бауыздап жатады. Бектен жаңағы бажалары тұрып ет сұрайды. Бек оларға киіктің қарын-құрындарын береді де, оның ақысына арқаларына таңба басады.

Бек киіктің етін әкелген соң, жақсылап пісіріп табаққа салады, табақтың бір шетіне сиырдың тезегін салады. Айша етті әкесіне апарып тартады. Әкесі жеп болған соң:

– Мына тезегің не? – дейді.

– Сиыр қорада тұрамыз, өзіңіздің берген үйіңіз ғой, мүмкін байқаусызда түсіп кеткен сиырдың тезегі шығар, – дейді қызы. Бай күйеу балалары да қайын атасына киіктің ішек-қарнын береді. Өмірбек киіктің етін жегесін жазылып кетеді.

Бай күйеулері: «Біз киік атып әкеліп, атамызды өлімнен жазып алдық», – деп мақтанады. Бек бір күні баяғы бай баласынан тартып алған киімді киіп, атты мініп Өмірбектің үйіне барды. Өмірбек Бекті танымай қалады. Бек: «Сізді ауру деп еді, кім жазды?» – деп сұрайды. Өмірбек өзінің бай күйеулері жазғанын айтады. Бек бай күйеулерінің киіктің етін кімнен алғанын айтады. Өмірбек оған сенбейді. «Нанбасаңыз күйеулеріңізді шақырып алдырыңыз, олар анығын айтар», – дейді. Өмірбек күйеу балаларын шақыртады. Арқаларына таңба басылған бай күйеу балалары тана алмайды. «Адамның қасиеті малда емес, адамшылығында», – дегенді Өмірбек сонда ғана түсінеді.

Айша сұлу мен Бек адал еңбегімен бақытқа жетіп, елге қадірлі болыпты.

hogy a legidősebb és a középső lány kiszemeltje egy-egy gazdag ember fia, Ajsa kedvese pedig Bek volt. Ömirbek nagy haragra gerjedt, másik két lányának nagy hozományt adott, de Ajsának semmit. Ők a saját munkájukból éldegéltek.

Egy nap Ömirbek megbetegedett. A gyógyítók és kuruzslók szerint az antilop húsa az egyetlen gyógyír a betegségére. Amint ezt meghallotta, Bek elment vadászni. Találkozott Ömirbek másik két vejével, de nem ismerték fel őt. Bek elejtett egy antilopot, és levágta. Sógorai kértek a zsákmány húsból. Bek odaadta a vad belsősegeit, azzal a feltétellel, hogy cserébe a sógorok hátára billogot üt.

Bek hazavitte az antilop húsát, jól megfőzte, tányérba rakta, a tányér szélére pedig tehéntrágyát kent. Ajsa felszolgálta apjának a húst. Miután az apja végzett az evéssel, megkérdezte:

– Mi ez a trágya itt?

– Marhaistállóban lakunk, hiszen azt kaptuk tőled, véletlenül kerülhetett oda a marhaganéj – válaszolta a lánya.

Az uraság másik két veje az antilop belsősegeit nyújtotta át apósának. Ömirbek az állat húsától meggyógyult.

Erre vejei dicsekedni kezdtek: „Elejtettünk egy antilopot, így megmentettük apósunkat a haláltól.” Bek egy nap felvette a ruhát, amit korábbi gazdája fiától szerzett, lóra szállt, és Ömirbek házához ment. Ömirbek nem ismerte fel a fiút. Bek megkérdezte:

– Önt nagyon betegnek mondták, ki gyógyította meg?

– A vőim gyógyítottak meg – felelte Ömirbek.

Bek akkor elmondta, hogy kitől kapták a vők az antilop húsát. Ömirbek nem hitt neki.

– Ha nem hiszi, hívja ide a vejeit, majd ők megmondják az igazat.

Ömirbek hívatta őket. A vejei semmit nem tagadhattak hátukon Bek jelével. Ömirbek csak akkor értette meg, hogy az ember erénye nem a vagyona, hanem az emberségessége.

A szépséges Ajsa és Bek a nép megbecsülését kivívták, tisztességes munkájukból boldogan éltek.

Тұрсынханның үш ұлы

Баяғы заманда Тұрсынхан деген кісінің үш баласы бар екен. Үшеуі де өнерпаз, шешендігімен «Тұрсынханның үш шешені» атаныпты. Тұрсынханның есігінің алдында екпе бәйтерегі бар екен. Сол бәйтеректің ішін ойып, ат басындай алтын тығып қояды. Оны өзінен басқа ешкім білмейді.

Тұрсынхан өлер алдында балаларын шақырып алып:

– Балаларым, енді мен өлемін, сендерге айтатыным: есік алдындағы бәйтеректің түбіне ат басындай алтын тықтым. Сол алтынды қашан қолдарыңнан мал кеткенде, әбден ішерге тамақ, киерге киім, мінерге ат таба алмағандарыңда, бір қолдарың екеу болып көрінгенде алып, күндеріңді көріндер! – деп, жүз бір жасында қайтыс болыпты.

Үш баласы бәйтеректің түбіндегі алтынды күнде қарап, бағып жүреді. Бір күні бәйтеректі келіп қараса, алтын жоқ. Біреу ұрлап кетіпті. Үшеуі кім алғанын білмейді. Әрі ойлап, бері ойлап, еліндегі ханға жүгініске барады үшеуі.

Ол хан сондай тапқыр, ақылды екен. Егер өзі білмесе, жұрттан асқан сұлу қызы сөз тауып, талай адамдарды даудан құтқарған екен. Ағайынды жігіттер ханға барып отырады. Сол уақытта үлкені екі інісіне сыбырлап:

– Бұл хан осы жердің бұрынғы ханын өлтіріп, орнына өзі хан болған екен. Жеті атасынан хан емес екен, – дейді.

– Апыр-ай, оны қайдан білдің? – дейді інісі.

– Білдім, жаңа біз сәлем бергенде, басын төмен салып, төмен қарап тұрып алды, атақты хан болса, жоғары қарап алар еді. Онысы өзіне жаман көрінеді. Сондықтан сәлемді төмен қарап алды, – дейді.

Хан үшеуіне ас келтіреді. Оны жеп болған соң, біраз отырып ағасы былай дейді:

Turszinhán három fia

Réges-régen élt egy Turszinhán nevű ember és annak három fia. Mind a három fiú felért egy-egy ezermesterrel, és mivel jól tudtak beszélni „Turszinhán három szónoka”-ként emlegették őket. A család háza előtt állt egy tölgyfa, az apa titokban kivájta a belsejét, és egy lófej nagyságú aranyrögöt dugott el benne. Erről senki sem tudott rajta kívül.

Turszinhán halála előtt hívatta a fiait:

– Fiaim, én most meghalok, de előtte még el akarom nektek mondani, hogy az ajtó előtti tölgyfa törzsébe egy lófej nagyságú aranyat rejtettem el. Azt az aranyat csak akkor vegyétek elő, amikor a vagyonotok elfogyott, már nincs mit ennetek, nincs ruhátok, amit felvegyetek, nincs lovatok, amelyet megülhetnétek, és már szemetek sem lát tisztán – mondta, és ezzel százegyéves korában itthagya e világot.

A három fiú a tölgyfa törzsében levő aranyat minden nap megnézte, folyton szemmel tartották. Egy nap, amikor mentek megnézni, látják ám, hogy az arany eltűnt. Valaki ellopta, de egyikük sem tudta, hogy ki volt az. Jól meghányták-vetették a dolgot, és végül az ország urához, a kánhoz fordultak igazságszolgáltatásért.

Ez a kán nagyon okos és éleseszű volt. Ha maga mégsem tudott volna ítélni, a rendkívüli szépségű lányához fordult, hogy segítsen megoldást találni, és így rengeteg embert mentett meg a pereskedéstől. A testvérek tehát elmentek a kánhoz. Akkor a legnagyobb fiú ezt súgta két öccsének:

– Ez a kán az ország előző kánját megölte, és maga lett a kán. Születése szerint nem kán, mivel hét felmenője sem az – mondta.

– Hajjaj, te ezt honnan tudod? – kérdezte az egyik testvér.

– Tudom, mert amikor mi köszöntöttük őt, a fejét lehajtotta, és lefelé nézve fogadta. Ha híres kán lenne, felfelé nézve fogadta volna. Ez nem illik hozzá – mondta.

A kán mindhármójuknak ételt hozatott. Miután azt megették, egy

– Осы ханның бізге берген палауында бір иіс бар, сірә, өлген адамның топырағына еккен зат па, жоқ болмаса, өлген адамның еті ме? – дейді.

Тағы кіші інісі былай дейді:

– Ханның бізге берген еті иттің еті екен. Бағана ет жегенде, иттің иісі шығып тұрды, – дейді.

Бұл үшеуінің сөзін ханның құлы естиді де:

– Ойбай, қонақтарың осындай сөздер айтып отыр, – деп, ханға айтады. Хан ол сөздерді ести сала шешесін, күріш егушіні, қойшыны – үшеуін шақырады.

Шешесіне былай дейді:

– Мыналар мені: «Жеті атасынан хан емес», – дейді, сол рас па? Шешесі ойланып отырып:

– Ол рас еді. Сенің әкең Ораз деген кісі еді. Ол жақсы, батыр адам еді. Бір жылдары осы елдің ханына өштесіп жүреді де, көп жолаушы бара жатқанында жолда өлтіріп, орнына өзі хан болып, артынан оның орнына сен болғансың, – дейді.

Күріш егуші былай дейді:

